Исатай СМАТОВ,
Маңғыстау облыстық соты әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы:

«ӘМІРГЕ ЕМЕС, ӘКІМШІЛІК ӘДІЛДІККЕ СҮЙЕНГЕН СОТТЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН»

5-бет

ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№28 (3456) 8 сәуір 2022

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

МҰРАТҚА ЖЕТКІЗЕТІН ДАРА ЖОЛ

3-бет

ОТБАСЫНЫҢ ТЫНЫШТЫҒЫН ҚОРҒАУ БАСТЫ ОРЫНДА

4-бет

СОТ САРАПШЫСЫНЫҢ БЕДЕЛІ МЕН МӘРТЕБЕСІ

6-бет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЕЛІМІЗДЕ МАЛ ДӘРІГЕРЛЕРІ ТАПШЫ

Қазақстан аграрлық ел және ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің жартысына жуығы мал шаруашылығы саласының үлесінде. Әрине, біздің елімізде мал шаруашылығын дамыту үшін шексіз мүмкіндік бар. Бұл ретте ветеринариядағы өзекті мәселелерді шешіп, уақыт талабына сай саланы дамыту аса маңызды. Өкінішке орай, аталмыш қызметтің жай-күйі ойдағыдай емес. Тіпті, соңғы жылдары құлдырап кетті десе де болады. Қолға алынған реформалар бірыңғай ветеринария жүйесінің бұзылуына, ветеринариялық инспекция қадағалауының әлсіреуіне алып келді.

(Соңы 2-бетте)

МӘСЕЛЕ

АЗАМАТТЫҚ АЛУДАҒЫ ЖЕҢІЛДІКТІ ПАЙДАЛАНУШЫЛАРДЫҢ КӨБІ – РЕСЕЙЛІКТЕР

Газетіміздің өткен санында «Азаматтық алуға Ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан қарау керек» деген материал жарияланған еді. Онда осы уақытқа дейін азаматтық пен тіл туралы заңдардағы олқылықты пайдаланып, Қазақстанға қажет маман деген желеумен 40 түрлі кәсіп иесінің Қазақстан азаматтығын еш қиындықсыз алып келгенін мәселе етіп көтергенбіз.

Сонымен қатар, ҚР Ішкі істер министрі Марат Ахметжановтың атына ресми хат жолдадық. Онда соңғы екі айда Ресей мен Украинадан Қазақстанға келгендердің нақты саны; олардың уақытша тұруға және азаматтық алуға өтініш білдіргендерінің үлесі; жеңілдетілген тәртіппен Қазақстан азаматтығына қабылдауды пайдаланғандар санына қатысты мәлімет беруін сұрағанбыз.

Біздің сұрауымызға министрліктен: «Ағымдағы жылғы ақпан айында Ресей Федерациясының 45120 азаматы, ал наурыз айында 64 010 азаматы Қазақстанға келген. Сонымен қатар, ақпан айында – 1860, ал наурыз айында 1610 Украина азаматы Қазақстанға келді. 2022 жылдың екі айында жеңілдетілген тәртіппен Қазақстан Республикасының азаматтығына Ресей Федерациясының 113 азаматы (28 – қандастар, келісім бойынша – 73, тұрмыстағы әйелдің азаматтығы туралы Конвенция бойынша – 12) қабылданды, Украина азаматтары қабылданған жоқ. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау туралы 98 Ресей азаматы мен 4 Украина азаматы өтініш білдірді» деген жауап алдық.

Ұлттық статистика бюросының дерегінше, биыл қаңтарда елімізге сырттан 1291 адам келген. Былтырғы жылдың сәйкес кезеңінде олардың саны – 626 болған еді. Былтырғы алғашқы айда келгендердің көбі Алматы (88), Шымкент (68) қалалары мен Маңғыстау облысын (88) таңдаған еді. Биылғы қаңтарда келгендердің 615-і Маңғыстау облысын, 136-сы Шымкент қаласын,117-сі Алматы қаласын таңдапты.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

СҰХБАТ

Нұрдәулет ӘЛЖАНОВ,
Шымкент қаласындағы «Су ресурстары-Маркетингі» ЖШС құқық бөлімінің басшысы:

«КОДЕКС ТАЛАПТАРЫ САҚТАЛМАЙЫНША ЗАҢСЫЗДЫҚТАР ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ»

– Нұрдәулет Жеңісұлы, еліміздің үшінші мегаполисі жыл өткен сайын қанатын кеңге жайып, оның айналасынан жаңа ықшамаудандар бой көтеруде. Осыған орай қалада санитарлық нормаларды бұзу деректерінің жиілеп кеткендігі жөнінде аз айтылып жүрген жоқ. Кәсіпорын жұмысындағы кедергілер жайлы не айтасыз?

– Кәсіпорынның ақпараттық базасында 2497 санитарлық қорғау аймағы тіркелген. Оның 1569-ы су жүйесінде, 827-сі кәріз жүйесінде, 101-і су және кәріз жүйелері қатар жүрген және қиылысқан тұстарда.

(Соңы 8-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЕЛІМІЗДЕ МАЛ ДӘРІГЕРЛЕРІ ТАПШЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Парламент Мәжілісіне келген Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеевтің айтуынша, ветеринария бойынша нормативтік құқықтық актілерде қайшылық көп, ветеринариялық заңнаманың тәжірибеде қолданылу жолының дұрыс айқындалмауы жұмыстың ақсауына түрткі болған. Әкімдердің карантин мен шектеу шараларын уақытылы қолданбауы жергілікті жерлердегі эпизоотиялық ахуалдың нашарлауына әсер етті. Ал ауылдық округтердің ветеринариялық мамандарында мал иелеріне шара қолдану өкілеттігінің болмауы ветеринариялық нормаларды бұзғандар мен ауру ошақтарында тиісті талапты орындамағандарды жауапкершілікке тартуды қиындатты. Бұл мамандардың аудан орталығындағы ветеринариялық инспекторларға жүгінуге мәжбүрлігін тудырды.

Ветеринария мамандарының өзіне тән емес функцияларды жүзеге асыруы да (қаңғыбас иттерді аулау және ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыру) жоспарлы іс-шараларды жүргізудің тиімділігін төмендетті. Сол секілді, мүдделер қайшылығының болуы және мал шаруашылығы өнімдеріне ветеринариялық-санитариялық сараптаманы лицензиялау кезінде пәрменді бақылаудың жоқтығы сапасыз өнімдерді өткізуге жол беруге, ветеринариялық анықтамаларды бұрмалау фактілеріне себеп болуда.

Құзырлы орын осы олқылықтарды жою үшін бірқатар маңызды шешім қабылдап отыр. Атап айтқанда, ветеринариялық заңды бұзған шаруашылық иелері үшін нұсқама беру және айыппұл салу бойынша ауылдық округтің ветдәрігеріне қосымша өкілеттік беру, ветеринариялық мамандарға тән емес функцияларды алып тастау сынды мәселелер шешімін тапты. Сондай-ақ, малды жоспарлы вакцинациялауды сәйкестендіру және жүргізудің тиімділігі артпақ.

Бүгінде аграрлық секторда-ғы ең төменгі жалақы алатын мамандықтың бірі – ветеринарлық дәрігерлер. Бұл секторда жас, жоғары білімді кадрлар жетіспейді. Бұған табыстың аздығы, жұмыстың қиындығы, ауылда инфрақұрылымның дамымауы себеп болып отыр. Мәселені шешу үшін жергілікті атқарушы органдардың ветеринариялық қызметтерге тарифін қайта қарау, ветеринария саласындағы ақылы қызмет түрінің көлемі ұлғаймақ. Сала мамандарын даярлайтын жоғары оқу орындары үшін қойылатын талаптарды әзірлеу және ауылдық квотаны 70 пайызға дейін арттыру ұсынылуда.

Мәжілістің Агралық комитетінің төрағасы Ерлан Барлыбаев та саланың бірқатар өзекті мәселесін ортаға салды. Ол ветеринария бойынша барлық қызметтің әкімдіктер қарамағына берілуі қате екенін алға тартты. Атап айтсақ, жергілікті жерлердегі ветеринариялық іс-шаралар негізінен бөлінген бюджет қаражаты есебінен профилактика жүргізумен шектеледі. Сонымен бірге, инспекторлар жұқпалы емес аурулар туралы есептің шынайылығы үшін жауапқа тартылмайды. Жануарлардың денсаулығын бақылау үшін ешкім қан биохимиясын жүргізбейді. Сондықтан, соңғы жылдары адамдарға берілетін жануарлардың созылмалы жұқпалы аурулары өсті. Импорттық асыл тұқымды мал басын әкелу жөніндегі бағдарламаларды іске асыру да көптеген мәселелер туғызған. Олармен елге түрлі аурулар еріп келді. Сондықтан, мал ауруларының алдын алу, диагностикалау және емдеудің заманауи әдістеріне белсенді түрде көшу керек. Бұл үшін ветеринария жүйесін қажетті нормативтік және материалдық-техникалық базамен жабдықтау маңызды.

Отандық ветеринарияда қолданылатын вакцина мен препараттардың сапасын ерекше бақылауға алған жөн. Ал, кадр тапшылығын жоюда министрлік ұсынған ветеринариялық мамандықтарға ауылдық квотаны 70 пайызға дейін ұлғайтумен қатар, жоғары оқу орындарына грантқа түсу кезінде барлық ауыл шаруашылығы, оның ішінде ветеринариялық мамандықтар үшін өту балын азайту қарастырылуы керек. Халықтың ветеринариялық сауаттылығын арттыру да кезек күттірмейді. Бүгінгі таңда бұл жұмыспен ешкім айналыспайды. Халықтың құқықтық нигилизмі, ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздіктің ережелерін елемеуі аурулардың кең таралуына жағдай туғызып отырғанын ұмытпайық.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

МЕЖЕ

«Баспасөз – қоғамдық пікірдің жетекшісі» дейді француз жазушысы Ги де Мопассан. Әлемге аты әйгілі жазушының осыдан екі ғасыр бұрын айтқан бұл тұжырымды сөзі әлі күнге дейін өз құнын жоғалтқан жоқ. Керісінше, бүгінгідей ақпараттық заманда бұқаралық ақпарат құралдарының (бұдан әрі – БАҚ) қоғамдағы рөлі, ықпалы арта түсті.

БАҚ-пен ЖҰМЫС ЖОЛҒА ҚОЙЫЛҒАН

БАҚ-тың қазіргі сипаттамасы ақпарат таратушы, жаңалықтың жаршысы деген шеңберден әлдеқайда кең. Бүгінгі БАҚ – азаматтық қоғамды дамытушы, жалпыхалықтық пікірді қалыптастырушы. Журналистердің көмегіне сүйене отырып елдік жобаларды дамытуға, жаңа бастамаларды ілгерілетуге мүмкіндік мол. Тек соны лайықты қолдану керек.

Мәселен, құқықтық мемлекет құруды мақсат еткен Қазақстанда заң, құқық саласын жетік меңгерген, күштік құрылымдар мен сот жұмысының қыр-сырына қанық журналистер шоғырын қалыптастыру өзекті мәселе. Құқықтық салаға бейімделген журналистер заңға қайшы әрекет жасамайды. Мұндай мамандар әр сөзін заң баптарына сүйене отырып айтады. Өзі жазатын мәселенің тек бетін қалқып алмай, халыққа оның құқықтық салдарын жеткізуге, заңдық түйткілдерді тарқатуға күш салады. Сот саласы осындай сауатты, жауапты журналистер көмегіне зәру.

Әрине, құқықтық саладағы жаңалықтарды насихаттауға, заңға қайшы әрекеттерді терең талдап жазуға қызығушылық танытқан журналистерді қолдау, олардың білім-білігін көтеру біздің міндетіміз. Соған орай, Қапшағай қалалық сотында журналистермен ашық диалог орнатып, бірігіп жұмыс істеуге барынша мән беріліп келеді. Судьялар әрбір қолданысқа енгізілген заңды таныстыру шараларын тілшілер қауымынсыз өткізбейді. Өйткені, журналистер – халық өкілі. Олар халықтың тілінде сөйлейді, көпшілікке ұғынықты тілде жазады. Заңды біз жан-жақты түсіндіргенмен, оны жұртшылыққа қарапайым етіп жеткізу журналистердің қолында. Сондықтан біз төртінші билік өкілдерінің көмегіне жиі жүгінеміз.

Сот пен БАҚ арасындағы байланыс тек ақпарат тарату бағытында десек қателесеміз. Өйткені, біз де өз тарапымыздан журналистерге сот процестерін қалай жазуды, қандай талаптарды сақтауды үйретеміз. Кейде сот отырысына келген журналистердің рұқсатсыз суретке түсіріп, залдан тікелей хабар таратуға тырысатынын байқаймыз. Иә, ақпарат ұсынуда жеделдік керек. Бірақ, бұл сотқа қатысушылардың құқығын бұзбауы керек. Суретке түсірмес бұрын тараптардың келісімі керектігін, сонымен бірге, тікелей түсірілім де сот отырысына қатысушылардың рұқсатымен жасалатынын түсінгеніміз абзал. Сондай-ақ, сот үкім шығармай жатып бір тараптың пікіріне сүйене отырып болжам айтып, пікір білдіру де сотқа қысым жасау деп бағаланады. Міне, осы мәселелерді біз журналистермен бірге ұйымдастырылатын басқосу, тренингтерде талқылауға басымдық береміз. Бұл сот пен БАҚ арасындағы байланысты нығайтары анық.

Жайық ЖАНБОЛАТОВ,
Қапшағай қалалық сотының судьясы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

КЕСЕЛ

ЖАЗАЛАУМЕН ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖЕҢЕМ ДЕУ ҚАТЕ

Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам құру – кез келген өркениетті елдің басты мақсаты. Дамымаған мемлекеттің болашағы болмайтынын, сенім жоғалған елде билік пен халық арасындағы байланыс үзілетінін білетіндіктен әрбір ел жемқорлыққа қарсы күресті жүйелі, кешенді ұйымдастыруға күш салады.

Мұндай ұмтылысты өзіміздің елден де байқау қиын емес. Қазақстан кеңестер одағынан шыққан мемлекеттер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы пәрменді заң қабылдаған алғашқы ел. Бұл заң барша халықты кеселмен күреске жұмылдыруға, қоғамды парақорлықтан сақтауға бағытталған. Алайда, уақыт, жемқорлықты – қатаң жазалаумен, жоғары айыппұлмен жеңуге болмайтынын көрсетті. Осындайда белгілі жазушы Владимир Короленконың «Қатаң жазалаудың көмегімен парақорлықтан бас тартқызып, бағаны реттеуге болады деген ой түбірімен қате» деген сөзі еріксіз еске оралады. Жаза арқылы жемқорлықты жоюға болса, Қытайда парақорлар әлдеқашан жоқ болар еді. Ал жыл сайын көпшіліктің көз алдында, жария жазаға тартылып, өлім жазасына кесілетін шенеуніктердің азаймауы Қытайдың да қатаң заңының қуатты еместігін көрсетеді.

Бұл ретте ашықтық пен қолжетімділіктің арқасында сыбайлас жемқорлықтың жолын кескен Нидерланды, Швейцария, Сингапур сияқты дамыған елдердің тәжірибесінен үйренеріміз көп. Барлық саланың жұмысын көпшілік бақылап, қадағалай алатындай жағдай туғызған бұл елдерде заңнан аттау, теріс әрекетке бару мүмкін емес. Оның үстіне, мемлекеттік қызметтің беделін көтеру бағытында ауқымды іс-шаралар атқарған озық елдер мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы жұмысына сәйкес келуіне мән береді. Жұмысын сапалы, мінсіз, таза атқарса қызметте сатылап өсіп, зейнетке шыққанда көптеген басымдықтарға ие болатынын білетін мемлекеттік қызметкерлердің өзі де ешқашан жемқорлыққа бармайды. Сингапурдың қоғам қайраткері

Медетбек СӘРСЕНОВ, Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

Ли Куан Юдің: «Жемқорлықты жеңу үшін шалыс басқан достарың мен туыстарыңа аяушылық танытпай, түрмеге отырғызудан қашпаған жөн» деуі бұл елде сыбайластыққа мүлде төзбейтін ахуал қалыптасқанын аңғартады.

Парақорлық – мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүддерінің бұзылуына түрткі болады. Кеселмен күрес нәтижелі болуы үшін ортақ істен барлық азамат шет қалмауы керек. Қоғамда пара алушы ғана емес, пара беруші де қылмыскер деген түсінік орныққанда жемқорлықтың тамырына балта шабылады.

Сыбайластыққа қарсы күреске сот саласы да ерекше мән береді. Бұл жұмыстар жемқорлық көріністерінің жекелеген фактілерін анықтаумен шектелмей, жиі қайталанатын заңбұзушылықтарды анықтап, алдын алуға негізделеді. Сонымен бірге, бұл күресте сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырып, қоғамдық бақылауды күшейту маңызды. Сот жүйесінің анықтығы, ашықтығы қағидаты да кеселдің орын алуына тежеу болады. Жоғарғы Сот жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінде дербес құрылымдық «Ішкі қауіпсіздік және соттардағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімінің» құрылуы соттағы тазалықты сақтаудың, сол арқылы азаматтар сенімін нығайтудың тетігі.

БІЛГЕН ЖӨН

ӘКІМШІЛІК РӘСІМДЕГІ ӨКІЛДІҢ МАҢЫЗЫ

Әкімшілік әділет институтының қолданысқа түскеніне де он айдың жүзі болды. Он айда жаңа соттарға түскен арыз-шағымдар да, қаралған істер де аз емес. Бұл әкімшілік әділеттің халық көңілінен шыққанын, бастаманы енгізуде алдыға қойылған мақсаттың орындалғанын көрсетеді. Өйткені, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс (бұдан әрі – ӘРПК) қолданысқа енгізілгенге дейін жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік аппарат секілді алып құрылымдармен дауласқанда теңсіздік ахуалында қалғаны, сот алаңында көбінесе жеңіліс тапқаны мәлім.

ӘРПК-нің артықшылығы баршылық. Бұл құжат азаматтардың құқығын сапалы қорғап, заң үстемдігін сақтаудың кепілі. Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жарияқұқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу болып табылады. Ал сот отырысында өзің күткендей нәтижеге жету үшін өкілдің көмегіне жүгінетін, өкілдің кеңесі, жол сілтеуі ауадай қажет кездер болатыны рас.

ӘРПК-нің 68-бабында әкімшілік рәсімде өкілдік ету тәртібі тиянақты көрсетілген. Құжатта белгіленгендей әкімшілік рәсімге қатысушы өзінің әкімшілік істерін жеке өзі, өкіл арқылы немесе онымен бірге жүргізуге құқылы. Кез келген адамның өз құқығын қорғауға, заңға сай әрекет етуге, сот отырысына жеке қатысуға тиісті білімі, дағдысы, уақыты және кейде қабілеті жете бермеуі мүмкін. Шындығында сот отырысында өз талабыңды заңға сүйене отырып жеткізудің орны бөлек. Заңды жетік білетін адам мен заңнан хабары жоқ адамның іс-әрекетінде айырмашылық үлкен. Сондықтан адам тағдыры, өз мүддесі таразы басына салынатын істе азаматтардың білікті мамандар көмегіне жүгінгені дұрыс. Мұндай жағдайларда өкілдік институты көмекке келеді.

Осы ретте әкімшілік сот ісін жүргізуде өкілдік ету Қазақстан заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Әкімшілік рәсімге қатысушылар ӘРПК-нің 68-бабы 2-бөлігіне сүйене отырып өзінің әкімшілік істерін басқа адамның жүргізуіне уәкілеттік беруге құқылы. Ол үшін өзінің шешімін әкімшілік органға, лауазымды адамға ауызша хабарлауы тиіс. Хабарлама түскеннен кейін әкімшілік орган, лауазымды адам өкілеттігін жазбаша нысанда ресімдеп, оған өкілдік беруші қол қоюы тиіс. Егер Қазақстан заңнамасында өзгеше көзделмесе, өкіл өкілдік берушінің атынан әкімшілік рәсімді жүзеге асыруға байланысты барлық әрекеттерді жасауға мүдделі. Дегенмен, әкімшілік рәсімді жүзеге асыратын әкімшілік органның лауазымды адамы немесе қызметкері өкіл бола алмайтынын айта кеткен жөн. Егер мұндай жағдай туындаса өкілді ӘРПК-нің 68-бабы 5-бөлігіне сай әкімшілік орган, лауазымды адам сотта өкілдік етуден шеттетіледі. Кодекске сәйкес, өкіл шеттетілген кезде әкімшілік орган, лауазымды адам әкімшілік рәсімді жүзеге асыруда басқа өкілдің өкілеттігін ресімдеуі қажет. Бірақ заңнамаға сай оның мерзімі үш жұмыс күнінен аспауы тиіс.

Бүгінде тұрғындардың құқықтық сауаты айтарлықтай артқан. Азаматтар сотта өз мүддесін қорғауда өкілдің көмегі зор екенін біледі. Әкімшілік соттарға өкілдердің қатысуы істердің әділ сараланып, азаматтардың әуре-сарсаңын азайтқанын айта кеткен артық болмас.

Мөлдір МУХАНОВА,
Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

№28 (3456)
8 сәуір 2022
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

МІНБЕР

ПАРЛАМЕНТАРИЗМ ИНСТИТУТЫ АТҚАРЫП ОТЫРҒАН ІС АУҚЫМДЫ

Қазақстанның заңнамалық актілерінің тиімділігін талдауды қамтамасыз ету арқылы парламентаризмнің рөлін арттыру және ҚР Парламенті депутаттарына заң шығару бастамасы құқығын іске асыруда жәрдемдесу Парламентаризм институтының басты миссиясы болып табылады.

Институт заң жобаларын Парламент депутаттарының өтініштері негізінде әзірлейді. Заң жобалау жұмысы қолданыстағы заңнамаға алдын ала талдау жүргізуді, олқылықтар мен коллизияларды анықтауды, заңнамада қандай да бір нормаларды қолдану кезінде проблемаларға тап болған қоғамдық ұйымдардың, ҮЕҰ өкілдерімен, қарапайым азаматтармен кездесулерді білдіреді.

Есепті кезеңде Парламентаризм институтының мамандары қолданыстағы заңнамаға 14 бағыт бойынша талдау жүргізді, оның ішінде: жеке меншік құқығын қорғау тетіктері; халықтың көші-қоны; астық нарығын реттеу; тұрғын үй қатынастары (МИБ); экологиялық таза көлікті танымал ету және электромобильдерге арналған инфрақұрылымды дамыту; «жасыл» мемлекеттік сатып алуды дамыту; қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл және олардың жарнамасына қатысқаны үшін заңды жауапкершілік белгілеу қағидаларын бекіту туралы; кәсіпкерлік қызметті «таза парақтан» реттеудің жаңа тәсілдерін; норма шығармашылық қызметті; қару айналымын; спортты дамытуды және тағы басқалар. Жүргізілген талдаулардың қорытындысы бойынша тиісті заң жобалары әзірленетін болады. Осылайша, 1 тоқсанда институт 7 заң жобасын әзірледі. Заң жобаларын талқылау бойынша 3 дөңгелек үстел өткізілді: «жасыл» мемлекеттік сатып алуды дамыту мәселелері, цифрлық активтер туралы және қылмыстық процесте мүлікті мемлекет кірісіне тәркілеу бөлігінде жеке меншік құқығын қорғау тетіктері туралы.

Бүгінгі таңда Үкімет қорытындысында цифрлық активтер мәселелері бойынша заң жобалары жатыр. Заң жобаларының бұл пакетіне Парламент палаталарының депутаттары Парламентаризм институты мамандарының көмегімен цифрлық активтер саласындағы заңнаманы жетілдіру мақсатында бастамашылық жасаған.

Заң жобалары цифрлық активтер нарығын дамытуға, цифрлық активтерді шығару, орналастыру және айналым процесінде туындайтын қатынастарды реттеуге бағытталған, сондай-ақ, Қазақстан аумағында цифрлық активтер мен майнинг нарығы субъектілерінің қызметін реттеуді жетілдіруді көздейді.

Депутаттар Парламентаризм институтының мамандарымен бірлесіп әзірлеген 4 бастамашыл заң жобасы, оның ішінде атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру; қорғаныс өнеркәсібі мен мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс; мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері; көші-қон мәселелері жөніндегі заң жобалары Парламент Мәжілісінің қарауында жатыр.

Атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері жөніндегі заң жобасын атап өткен жөн. Оның бастамашылығы мен әзірленуі үшін жыл сайын өсіп келе жатқан сот орындаушыларының әрекеттеріне азаматтардың шағымдарының саны негіз болды. Жоғарғы Соттың мәліметінше, соңғы 3 жылда сотқа берілген шағымдар саны 10 мыңнан асты. Бұл депутаттар мен уәкілетті органның атына жіберілген шағымдарды есепке алмағандағы көрсеткіш. Осыған байланысты Парламентаризм институты азаматтар тарапынан осындай жаппай наразылықтың пайда болу себептерін анықтау үшін келіп түскен өтініштер мен шағымдарға талдау жүргізді. Жүргізілген жұмыстың қорытындысы бойынша Парламентаризм институты Парламент депутаттарымен бірлесіп, халықтың талаптары мен ұмтылыстарына жауап беретін атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері жөнінде заң жобасын дайындады.

Заң жобасында мынадай проблемаларды шешу ұсынылады: атқарушылық іс жүргізу борышты өтеуге байланысты тоқтатылған кезде барлық алдыңғы сот орындаушыларының қаулыларын жою, атқарушылық іс жүргізуді қозғау алдында борышкерде берешектің болуын тексеру, атқарушылық құжаттың орындалуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылданған кезден бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей борышкерге хабарлама жіберу, борышкерді атқарушылық іс жүргізу жасалған жерге ғана шақыру және борышкердің жеке қатысуын талап ететін жағдайларда ғана, сот орындаушысына жеке шақыруды болдырмай, сондай-ақ, атқарушылық іс жүргізуге байланысты басқа да мәселелер.

Мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері жөніндегі заң жобасында, ең алдымен, мүгедектікке деген қазіргі көзқарас түбегейлі өзгерді, мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын түсіну мен түсіндірудің негіз қалаушы қағидаттарының кешені айқындалды. Осы саладағы ұлттық заңнама мен озық тәжірибе негізінде ережелерді іске асыру тетіктері әзірленді.

Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс мәселелері жөніндегі заң жобасы мемлекеттік авиацияның авиациялық техникасын өндіруді, жөндеуді, техникалық қызмет көрсетуді және жаңғыртуды жүзеге асыратын қорғаныс-өнеркәсіп кешені ұйымдарының қызметін реттеу бойынша түзетулерді көздейді. Институт қосалқы бөлшектер мен жинақтауыштарды сатып алу рәсімдерін жеңілдетуге, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды кәдеге жарату процесін ұйымдастыруға және оның барынша қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған нормаларды ұсынады.

Институт көші-қон мәселелері жөніндегі заң жобасына қандастарды бейімдеу және ықпалдастыру орталықтары қызметінің мәселелерін регламенттейтін нормаларға толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар жасады, азаматтарды зейнетақы және өзге де әлеуметтік төлемдерді тағайындайтын уәкілетті органды өзінің Қазақстаннан тыс жерлерге түпкілікті шыққан сәтіне дейін хабардар етуге міндеттейді. Бұл әлеуметтік қамсыздандыру саласында және т.б. заңсыз схемалардың іске асырылу жағдайларының жолын кесуге мүмкіндік береді.

Осылайша, Парламентаризм институтының мамандары осындай жұмысты барлық басқа да заң жобаларын әзірлеу кезінде жүргізеді, құқық қолдану мәселелері, халықаралық тәжірибе және оларды ұлттық заңнамада қолдану мүмкіндіктері алдын ала зерделенеді.

Мансұрхан МАХАМБЕТОВ,
Парламентаризм институтының директоры

КИЕ

Тіл – мемлекеттің тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір – қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі.

МҰРАТҚА ЖЕТКІЗЕТІН ДАРА ЖОЛ

Қазақстанның территориялық тұтастығының және ұлт мәдениетінің сақталуы мен дамуының басты шарты – қазақ тілі болып табылады, яғни, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі, мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – ҚР әрбір азаматының парызы.

Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар: ҚР мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға; ҚР барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға; қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті.

ҚР азаматының ана тілін қолдануына, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауына құқығы бар. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызу жөнінде қамқорлық жасайды және ұлттық топтар жиі тұратын жерлерде іс-шаралар өткізілген кезде олардың тілдерді пайдалану мүмкіндіктері де қарастырылады.

ҚР тілдік белгісі бойынша азаматтардың құқықтарын кемсітуге жол берілмейді. Қазақстанда мемлекеттік тілдің және басқа да тілдердің қолданылуына және оларды үйренуге кедергі келтіретін лауазымды адамдардың іс-әрекеттері ҚР заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соқтырады.

Мемлекеттік тіл мемлекеттік органдардың, ұйымдарлың және жергілікті өзін-өзі басқару органдардың жұмыс және іс қағаздарын жүргізу тілі, ал орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Мемлекеттік емес ұйымдардың жұмысында мемлекеттік тіл және қажет болған жағдайда басқа тілдер қолданылады. Мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленіп, қабылданады, қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше, басқа тілдерге аударылуы қамтамасыз етіле отырып, оларды әзірлеу орыс тілінде жүргізілуі мүмкін. ҚР мемлекеттік органдары жүйесінде, ұйымдарында, меншік нысанына қарамастан, статистикалық есеп, қаржы және техникалық құжаттама жүргізу мемлекеттік тілде және орыс тілінде қамтамасыз етіледі. Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың азаматтардың өтініштері мен басқа да құжаттарға қайтаратын жауаптары мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде беріледі. ҚР Қарулы күштерінде, сондай-ақ, әскери және әскерилендірілген құрамалардың барлық түрінде, мемлекеттік бақылау мен қадағалау, азаматтарды құқықтық қорғау ұйымдарында және құқық қорғау органдарында мемлекеттік тілдің және орыс тілінің қолданылуы қамтамасыз етіледі.

ҚР сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, оған қоса орыс тілі де қатар жүреді. Жеке және заңды тұлғалардың жазбаша нысанда жасалатын барлық мәмілелері қажет болған жағдайда басқа тілдердегі аудармасы қоса беріліп, мемлекеттік тілде және орыс тілінде жазылады. Шетелдік жеке және заңды тұлғалармен жазбаша нысанда жасалатын мәмілелер мемлекеттік тілде және тараптар үшін қолайлы тілде жазылады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл және барлық басқа тілдер мемлекеттің қорғауында. Мемлекеттік органдар бұл тілдердің қолданылуы мен дамуына қажетті жағдай жасауы өте маңызды.

Тілдің дамуы мемлекеттік тілдің басымдығын және іс қағаздарын жүргізуді қазақ тіліне кезең-кезеңмен көшіруді көздейтін Мемлекеттік бағдарламамен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі: республикалық терминология және ономастика комиссияларын құрды; облыстық ономастика комиссиялары және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ономастика комиссиялары туралы үлгі ережені бекітеді; Конституцияда, Қазақстанның заңдарында және Президенттің актілерінде өзіне жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Дәурен БАЙМЕНОВ,
Алматы аудандық сотының судьясы
НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ҒАСЫР ДЕРТІН АУЫЗДЫҚТАУ МҮМКІН БОЛМАЙ ТҰР

Елімізде алкоголь өнімдерін ең көп тұтынушылар тіркелген 4 өңір анықталды. Шығыс Қазақстан облысының 12 мыңға жуық тұрғыны, Қарағанды өңірінде – 7500-ден астам, Ақтөбе облысында – 6 мың, Нұр-Сұлтан қаласының 6500 тұрғыны ащы суды артық сілтеп, наркологиялық есепке ілінген.

Былтыр еліміздегі 17 психикалық денсаулық орталығында 19 344 науқас емделіпті. Биыл дәрігер-наркологтардың көмегіне жүгінген 4 мыңнан астам адам спирттік сусынға тәуелділіктен айықты. Жалпы, 2021 жылдың соңында елімізде наркологиялық есепте тұрған емделушілер саны 91 мың 724-ке жеткен. Биыл динамикалық бақылау көрсеткіші – 89 664.

– Наркологиялық есепте тұрған емделушілер саны биыл азайған. Маскүнемдікке дауа іздеп орталыққа келген адам наркологиялық есепте тіркеуде бір жыл тұрады. Бір жылдан кейін динамикалық бақылау нәтижесіне сәйкес тіркеуден алып тастайды. Қазіргі таңда араққұмарлықтан емдейтін жекеменшік клиникалар да көбейген. Емделушілердің басым бөлігі көбінесе мемлекеттік емес клиникаларға барады. Себебі, мұндай емдеу мекемелерінде наркологиялық тіркеуге алмайды. Сондықтан, ащы суға тәуелді тұрғындардың саны ресми деректен көп болуы да мүмкін, – дейді Республикалық Психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығының Павлодар бөлімшесіндегі аға дәрігер Мади Тоқанов.

Психиатр-наркологтың айтуынша, емделушілердің уәжі бір. Наркологиялық есепке ілінгендер ресми түрде жұмысқа орналасу кезінде кедергілер туындайды деп шағымданған. Ал наркологиялық есепке тіркеудің тиімділігі медициналық, наркологиялық, психологиялық емдеу шаралары тегін. Дегенмен, мамандар алкоголь өнімдерін тұтыну адам ағзасына да пайда әкелмейді дейді.

Жазира БЕГАЛЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН БҰЗҒАНДАР ҚАТАҢ ЖАЗАЛАНАДЫ

Көлік апаты күннен күнге көбеюде. Сондықтан, бұл мәселеге ерекше назар аударылып, Президент тапсырмасымен қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстердің бірнеше бабы жаңартылып, жол ережесін бұзғандарға қолданылатын жаза барынша қатаңдатылды. Осы себепті, жұртшылықты аталған өзгерістерден хабардар еткен жөн.

Жол-көлік оқиғасының орын алмайтынына ешкім кепілдік бермейді. Жол апатына қатысы барлар заң аясында әрекет етуі керек. Алдымен, қылмыстық кодекстің 347-бабынан бастасақ, көп адам жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалудың салдары қандай жауаптылыққа әкелетінін біле бермейді.

Мысалы, Қылмыстық кодекстің 345, 346-баптарында көзделген ауыр зардаптар туындай тұра жүргізуші немесе жол жүрісі ережесін бұзған адам апат болған жерден кетіп қалса, ол 3 жылға дейін белгілі бір лауазымды атқару, сондай-ақ, қызметпен айналысу құқығынан айырылады. Бұған қоса мың АЕК-ке дейін айыппұл салу, түзеу немесе 600 сағат шамасында қоғамдық жұмысқа тарту, 2 жыл көлемінде бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Зардап шегушілерге көмек көрсету үшін оқиға орнын уақытша тастап кету бұл бап бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатуға негіз болады.

Әрбір жүргізушінің, сондай-ақ, әрбір көлік иесінің тиісті заңнамалармен белгіленген міндеті бар. Оларды орындамаған жағдайда қолданылатын жаза түрі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 611-бабымен айқындалған. Мысалы, жүргізуші өзінің қатысуымен болған ЖКО кезінде міндетіне салғырттық танытса 5 АЕК мөлшерінде айыппұл төлейді. Осы баптың 2-бөлігінде көрсетілгендей, егер ол жол ережесін бұзуы арқылы апатты жағдай тудырып, оқиға орнынан кетіп қалса 1 жыл көлемінде көлік жүргізе алмайды. Ал көлік жүргізу құқы жоқ немесе ол құқықтан белгілі бір мерзімге айырылған адамның мұндай әрекеті 100 АЕК, яғни, 306300 теңге көлемінде айыппұл салуға не 30 тәулікке әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады. Ескерерлігі, зардап шегушіге медициналық көмек көрсету үшін жол-көлік оқиғасы болған жерден кетіп қалса осы бап аясында жауаптылықтан босатылады.

Бүгінде көлік жүргізу куәлігінен айырылғанына қарамай рулге отыратындар аз емес. Мұндай кезде ӘҚБтК-нің 612-бабының 3-бөлігімен 10АЕК, ал, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде сол әрекетін қайталағандарға 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады. Көлік жүргізуге заңмен тыйым салынған, сондай-ақ, оны жүргізу құжаты жоқ адамдарға машинасын айдауға бергендер де жазасыз қалмайды. Оларға 50 АЕК, яғни, 153 150 теңгеге дейін айыппұл салу көзделген. Бұл жаза белгіленген қағидаларға сәйкес, жүргізу, оқыту жағдайларында қолданылмайды. Осы бапта көзделген әкімшілік жазаға тартыла тұра оның талаптарын сақтамай, бір жыл ішінде сол әрекетін қайталағандар 70 АЕК мөлшерінде айыппұл арқалайды.

Жол-көлік оқиғаларының алдын алу мемлекеттің немесе құзырлы органдардың ғана жұмысы емес. Бұл бүкіл ел болып атсалысатын іс. Әрбір адам өзіне қауіп төндірмеу арқылы өзгенің өмірін де сақтап қалатынын ұмытпауы керек.

Е.БАҚЫТЖАН,
Ырғыз аудандық сотының төрағасы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

КӨКЕЙКЕСТІ

Отан отбасындағы тәрбиеден, сүйіспеншіліктен бастау алады. Отбасылық құндылыққа мән берудің, жанұя жарасымдылығын сақтаудың маңызы осында. Жесірін қаңғытпаған, жетімін жылатпаған елімізде қазір әрбір тіркелген үш некенің біреуі ажырасумен аяқталады. Некелік одақты бұзып, ажырасуға бел буғандардың алға тартатын себебі әртүрлі. Ерлі-зайыптылар көбінесе материалдық жағдайдың төмендігін, мінездерінің үйлеспегенін, ортақ баланың болмауын, сондай-ақ, күйеуінің ішімдік пен есірткі заттарына үйір болуын, отбасындағы зорлық-зомбылыққа шыдамағанын айтып, некені бұзуға өтініш береді. Осы себептердің ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ерекше тоқталып өткен жөн.

ОТБАСЫНЫҢ ТЫНЫШТЫҒЫН ҚОРҒАУ БАСТЫ ОРЫНДА

Себебі, заманауи дамыған қоғамда тұратынымызға қарамастан, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңдар қабылданып, пәрменді шаралар қолға алынса да әлі күнге дейін әйеліне қол жұмсап, әлімжеттік көрсететіндер тыйылар емес. Осыны ескерген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің кезекті жиынында отбасына зорлық-зомбылық көрсететіндермен жүйелі түрде әлеуметтік-сауықтыру және тәрбие жұмыстарын жүргізу керектігін қадап айтты. Тұрмыстық зорлық-зомбылық Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің 73-бабымен қаралуда.

Соттарда осы бап аясында қаралатын істер аз емес. Тәжірибе көрсетіп отырғандай сотқа арызданған жандарды жақындарының үнемі тілдеуі, отбасында тыныштық бермеуі, былапыт сөйлеуі, өзі табыс таппағанымен қоймай үйдің мүлкін бүлдіруі, қол жұмсап, қорлауы түрткі болады. Әрі көпшілігі мұндай әлімжеттік қайталана берген соң құзырлы орындардан көмек сұрауға амалсыз қадам жасап жатады. Мысалы, 73-баптың 1-бөліміне сәйкес қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері жоқ отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру секілді әрекет үшін құқық бұзушыға ескерту жасалып не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазасы қолданылады. Ал осы әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталанса он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазасы қолданылады.

Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру, әлімжеттік жасап ұрып-соғу әрекеттері үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте жаза қатаң. Мұндай қатігез әрекеттер үшін құқық бұзушыға әкімшілік қамаққа алумен бірге, әкімшілік айыппұл да төлеуге тура келеді.

Құқығы тапталып, өз қайғысымен жеке қалған нәзік жандылар елімізде Ата Заңнан бастап, көптеген құқықтық құжаттарда азаматтар теңдігіне кепілдік берілгенінен хабарсыз. Ал Конституцияда адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды, әркімнің ар-намысы мен абыройының қорғалуына құқығы бар деп анық жазылған.Осыған орай отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін ақпараттық, түсіндіру жұмыстары жан-жақты жүргізілгені жөн. Мұндайда құқықтық сауатты көтерудің маңызы зор.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары ішкі істе р органдарына арызбен жүгінуі қажет. Жәбірленушілерді тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау үшін ішкі істер органдары жеке профилактикалық шаралар қолданып, сондай-ақ, оларды мамандандырылған дағдарыс орталығына бағыттай алады. Бұл жерде әлімжеттік жасаған адаммен де, зорлық көрген адаммен де сөйлесіп, түсіндіру шараларын жүргізу маңызды.

Әйелдер өзін сыйлауы, өз құқығын таптатпауы керек. Әрбір ана бақытты болуға лайықты.

Арайлым ЕЛАМАНОВА,
Нұр-Сұлтан қаласының Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

БАҒДАР

СУДЬЯЛЫҚ ӘДЕП КОДЕКСІНІҢ ОРНЫ БӨЛЕК

Елімізде адалдық пен әділдікті ту етіп, моральдық нормаларды жоғары қоятын судьялар корпусын қалыптастыруда атқарылып жатқан тағылымды шаралар жетерлік. Соның бірі «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 19-қадамының шеңберінде жүзеге асырылған Судьялық әдеп кодексі. Судьяның жүріс-тұрысының этикалық нормасын белгілейтін кодекс қазылардың VII сьезінде қабылданған болатын. Осы орайда, Судьялық әдеп кодексінің 13-бабына сәйкес, жұмыс істеп жүрген судьялар мен отставкадағы судьялар жүріс-тұрыстың әдеп қағидаларын орындауға тиістігін атап өткен жөн.

15 баптан тұратын маңызды құжатта судьяның біліктілігі, адамгершілік, моральдық бейнесін нығайтуға тиіс екендігі жан-жақты жазылып, өз қызметі барысында қабылдаған антына берік, қызметінде шынайы, шешім шығару барысында ешкімнің заңсыз араласуына жол бермеу керек екендігі егжей-тегжейлі баяндалған. Судья лауазымын таңдаған әрбір қазы заң үстемдігін және сот органдарының тәуелсіздігі қағидаттарын қорғап, жүзеге асыруға тиіс. Әрине, туған-туыссыз, ағайынсыз адам болмайды. Алайда, судья «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» демекші, өзіне мемлекет тарапынан жүктелген зор жауапкершілікті сезініп, «бармақ басты, көз қыстыға» жол бермей, туыстық қарым-қатынасты ысырып, істі заң тұрғысынан қарай отырып, әділ шешімін шығаруы қажет. Мәселен, кодекстің 2-бабында «Судья өзінің кәсіби қызметін атқарған кезде заңға бағынуға және кез келген сырттан ықпал етуге жол бермеуге, кімнен шыққандығына қарамастан қорқытуға, қысым жасау мен құқықтық емес әсерлерге, сот процесіне тікелей немесе жанама араласуға қарсы тұру қажет», – екендігі көрсетілген. Сондай-ақ, судья заңды күшіне енбеген сот шешімдерінің заңдылығына қатысты жария мәлімдемелерден және сот жүйесінің абыройын түсіріп, сот төрелігінің мүддесіне залал келтіруі мүмкін түсіндірмелерден тартынуға тиіс.

Әр судьяның соттан тыс жердегі жүріп-тұруы да соттың тәуелсіздігі туралы қоғамның сеніміне күмән ұялатпауы қажет. Одан бөлек, судья нақты сот ісі бойынша іске қатысушы адамдармен, олардың өкілдерімен, прокурормен, адвокатпен, өзге де мүдделі адамдармен процестік және өзге де заңнамада көзделмеген процестік емес байланыстардан, егер осы іс-әрекеттер судьяның объективтілігіне және бейтараптылығына күмәннің туындауына алып келуі мүмкін болса, бас тартуға тиіс. Жұртшылық тарапынан болып тұратын тұрақты назар, судьяға өзіне бірқатар шектеу қою міндетін жүктейді. Судья беделіне нұқсан келтіретін қоғамдық іс-шаралар мен өзге де көпшілік орындардан аулақ болуға тиіс. Ал сот билігінің беделін түсіруге әкеп соққан және судьяның абыройына нұқсан келтірген осы кодекстің ережелерін бұзу судьяны заңға сәйкес тәртіптік жазаға тарту үшін негіз болып табылатындығы Судьялық әдеп кодексінің 14-бабында нақты көрсетілген. Судьяларға қатысты азаматтардың шағымы бойынша осындай бұзушылықтар үшін қоғамдық ықпал ету шаралары да қолданылуы мүмкін.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» тарқатсақ, жүктелген зор жауапкершілікті абыроймен атқарып, азаматтардың құқығын заң аясында қорғап, мемлекеттің зор сенімін ақтау парыз әрі міндет деп білемін.

Гүлмира СҮЙЕУОВА,
Ақтау қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

ОҢ ҚАДАМ

«QAMQOR» – КӘСІПКЕРЛЕР ҚОРҒАНЫ

Ел экономикасын дамытып, мемлекетті шикізаттар елінен сапалы өнімдер жасайтын, өндірісті аймаққа айналдыруда отандық кәсіпкерлердің үлесі үлкен. Соған орай соңғы жылдары шағын және орта бизнесті қолдауға барынша жағдай жасалып келеді.

Осы мақсатта кәсібін бастаған жандардың талап-тілегі ескеріліп, оларға салынатын салықтық ауыртпалықты азайту, несие алуына көмектесу, әкімшілік рәсімдер мен рұқсатты жеңілдету, бюрократтық бассыздық пен бақылау-тексеру органдарынан қорғау бойынша көптеген игі істер қолға алынды. Кәсіпкерлерді заңсыз тексеруге тосқауыл қойып, құқықтық көмек көрсету үшін тәжірибеге енгізілген «QAMQOR» мобильді қосымшасы сондай ізгілікке бағытталған жобаның бірі. Әрі бұл қосымшаның пайдасы мен тиімділігін көріп отырған кәсіпкерлер қатары жыл өткен сайын артуда. Қосымшаны iOS пен android бағдарламалары арқылы жүктеуге болады.

«QAMQOR» мобильді қосымшасының қолданысқа енгізілуі кәсіпкерлер кеңесінен бастау алады. Осы жиында кәсіпкерлер өз бизнестеріне құқық қорғау органдарының заңсыз араласатынын айтып Президенттен қолдау күткен болатын. Сол кезден бастап шағын және орта кәсіпке көрсетілетін қысымды жойып, кәсіпкерлер үніне дереу құлақ асу үшін құзырлы орындарға арнайы сайт ашу тапсырылған-ды. «QAMQOR» мобильді қосымшасы – Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің кәсіпкерлерге ұсынған көмекші құралы.

Бұл қосымшаның кәсіпкерлерге ұсынатын мүмкіндігі мол. Ең алдымен «QAMQOR» арқылы әрбір кәсіпкер өзіне тексерушілер қашан, қай кезде келетінін алдын ала біліп отырады. Мобильдік қосымшада қамтылған бірнеше функцияның ішінде «Сізді тексеруге келеді» деген Push-хабарламаның кәсіпкерлерге берер көмегі көп. Осы арқылы олар өз кәсібін реттеп, құжаттарын дайындап тексеруге сақадай-сай дайын отырады. Сондай-ақ, тағы бір функция кәсіпкерге «Сіз тексерудің заңдылығын және өзектілігін тексере аласыз» деген көмек ұсынады. Бұл кәсіпкердің тексеруге қатысты тұлғалар, тексерудің мерзімі, құқықтық негіздері, тексеру мәселесі туралы толық мәлімет алуына жол ашады.

Егер кәсіпкер тексеру барысында заңсыздық байқаса мобильдік қосымшаға онлайн режімде хабарлама жолдай алады. Жолданған хабарламалар комитеттің аумақтық басқармаларына келіп түседі және бұл бойынша жедел түрде нақты жауап беріледі. Өз сауалына жедел жауап алып, талап-тілегіне құзырлы орындар дереу көңіл аударып, шара қабылдағандықтан «QAMQOR» мобильді қосымшасына деген көпшіліктің сенімі жоғары.

Қайсар МОЛДАҚАШЕВ,
Азаматтық және әкімшілік салалардағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің аға прокуроры 1-сыныпты заңгер

№28 (3456)
8 сәуір 2022
zangazet@mail.ru
ЗАҢ газеті

Исатай СМАТОВ,
Маңғыстау облыстық соты әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы:

«ӘМІРГЕ ЕМЕС, ӘКІМШІЛІК ӘДІЛДІККЕ СҮЙЕНГЕН СОТТЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН»

– Әкімшілік әділет институтының енгізілуі азаматтар мен бизнесті мемлекеттік органдардың теріс әрекетінен қорғауға бағытталғаны белгілі. Жаңа соттар сол үдеден шыға алып отыр ма? Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттарға шағымданып, өз құқығын қорғағандар көп пе?

– «Мың қадам бір қадамнан басталады» дейді бабаларымыз. Сол айтпақшы, кез келген жұмыс бірден арнасына түсіп кете қоймайтыны түсінікті. Ол үшін тек жоспар құрып, бағыт-бағдар беру аздық етеді. Әкімшілік әділет институтының Мемлекет басшысы тапсырғандай ел игілігіне, мемлекет дамуына қызмет етуі алдымен ақпараттық, насихат жұмыстарының белсенді қолға алынуына тікелей байланысты. Көпшілік Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің артықшылығы неде екенінен, жаңа әкімшілік соттарды құрудағы басты ұстанымнан хабардар болуы маңызды. Себебі, біздің негізгі сыншымыз да, тұтынушымыз да – халық. Халық қалаған, халықтың көңілінен шыққан, елдің мүддесімен үндес бастамалардың өміршең болатыны сондықтан. Міне, сондықтан да, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің жаңашылдықтарын жұртшылыққа жеткізу, таныстыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілді. Әкімшілік әділет институтының тиімділігін насихаттаудан ешкім шет қалмады. Аз ғана уақыттың ішінде азаматтардың сауатын ашатын, құқықтық білімін көтеретін танымдық материалдар бұқаралық ақпарат құралдарында көптеп жарияланды. Бүгінде азаматтар әкімшілік істерге байланысты өзін мазалаған сұраққа қиналмай жауап ала алады.

Жаңадан ашылғанына қарамастан әкімшілік соттардың жүктемесі қазірдің өзінде жоғары. Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асанов атап өткендей, былтырғы жарты жылда республика соттарына 14 мың талап арыз түскен. Мемлекеттік органдар әрбір екінші істе ұтылған. Ал бұрын қаралған істердің 85 пайызы мемлекеттік органдардың пайдасына шешілетін. 2021 жылдың екінші жартыжылдығында Маңғыстау облысы бойынша мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына 348 әкімшілік іс түскен. Бұл мемлекеттік органдар қызметін әлі де жетілдіру керектігін, тұрғындардың құзырлы орындар жұмысына көңілі толмайтынын көрсетеді.

– Азаматтар қай құрылымдардың жұмысына көбірек шағымданады?

– Былтырғы қаралған 348 істің 111-і, яғни 31,8% сот орындаушыларына қатысты істерді құраған. Яғни, судьялар қараған істердің 1/3 бөлігі сот орындаушылар әрекетіне немесе әрекетсіздігіне байланысты болып отыр. Қаралған істердің 47,3 % қанағаттандырылып, сот орындаушыларының әрекеттері заңсыз деп танылған. Заң бұзушылықтар алақандағыдай айқын. Мұндай жүгенсіздік әрі қарай да жалғаса бермес үшін, жеке сот орындаушыларға қатысты 18 жекеше ұйғарым қабылданып, сот талабын орындамаған 5 сот орындаушыға ақшалай өндіріп алу процестік мәжбүрлеу шарасы қолданылды.

Бір рет жіберілген қатені – білместік дейді, ал қайталап заңбұзушылық жасау – жеке сот орындаушының өз ісін білмейтінін, жауаптылығының аз екенін көрсетеді. Біздің өңірде де үстінен бірнеше рет іс қаралған сот орындаушылар бар. Тіпті, соттың талабын немесе сұрау салуын орындамағаны үшін кейбір жеке сот орындаушыға қатысты төрт рет ақшалай өндіріп алу процестік мәжбүрлеу шарасы да қолданылды. Мұндай пәрменді шараның өзі сабақ болмай отырғаны өкінішті.

Әрине, жеке сот орындаушыларға қатысты шағымның көптігіне түрткі болып отырған мәселелерді айтпай кетуге болмайды. Бұған негізгі себеп дауды сотқа дейінгі реттеу тәртібінің заңнамалық тұрғыда қарастырылмауымен байланысты. Шындығында көптеген талап қоюшылар алдын ала жеке сот орындаушыға арызданбай, құжаттарын ұсынбай бірден сотқа жүгінеді. Егер азаматтар алдымен палатаға барып, мәселені шешуге тырысқанда мұндай істердің басым бөлігі сотқа жетпей шешілетін еді. Қазірдің өзінде мұндай істердің көбі сот отырысында татуласу тәртібімен реттелуде. Осыдан көріп тұрғанымыздай, алдағы уақытта жеке сот орындаушылардың әрекеті не әрекетсіздігіне қанағаттанбаған жағдайда, алдымен палатаға арызданып, содан кейін сотқа жүгіну тәртібін енгізген дұрыс. Сонда мұндай даулардың саны едәуір азаятыны анық. Сот орындаушыларының іс-әрекеттерінің көп дауласуына тағы бір себеп – Әкімшілік әділет институтының жаңадан пайда болып, көпшілік сеніміне ие болуы десек қателеспейміз.

– Жеке сот орындаушылар қандай заңсыздыққа жиі жол берген?

– Сот орындаушыларының өз қызметіне немқұрайдылықпен қарап, саналы түрде заң бұзушылықтарға жол беру фактілері аз емес. Мысалы, ЖСО-ның бірі борышкердің тұрақты жұмыс жасап, жалақы алатынын біле тұра, жұмыссыз деп көрсетіп, алимент бойынша берешегін республикалық орташа айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде есептеген. Ол аздай, қаулысын борышкерге уақытылы жолдамаған. Ал заң талаптарына сай, алимент көлемі борышкердің нақты алатын жалақысына сәйкес анықталуы қажет. Сонымен бірге, тараптар танысу үшін қаулы дереу жолдануы тиіс. Өкінішке орай, азаматтар жеке сот орындаушылар берешек мөлшерін дұрыс анықтамаған соң, қаулыны жедел бермеген соң амалсыздан сотқа арызданып жатады.

Жеке сот орындаушылар тарапынан жиі кездесетін заңбұзушылықтың бірі – мәжбүрлеп орындату шараларын қолдануға қатысты. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 3-бабында заңдылық, атқарушылық іс-әрекеттерді жүргізу мен мәжбүрлеп орындату шараларын қолданудың, уақытылы және айқын болу принциптері айқындалған. Ал кейбір ЖСО-лар мұны ескере бермейді. Мысалы, борышкерлер тұрақты жұмыспен қамтылса да оған мән бермейтін сот орындаушылар талапкерлерді әуре-сарсаңға салады. Осыдан кейін берешекті қайтарту бойынша ешқандай шара қолданбаған, атқару құжатын қозғалыссыз қалдырған орындаушының үстінен азаматтар шағымданбағанда қайтеді? Өзіне жүктелген сот актісін үнемі назарында ұстайтын маман борышкердің жұмысқа тұруын, жалақысынан берешекті өндіруді ғана емес, екі қолға бір күрек таба алмай жүргендері болса жұмыс табуына, қарызынан ертерек құтылуына көмектесуі керек емес пе?

– Әсіресе, соңғы кездері алимент өндіруге қатысты істердің көбейгені байқалады? Жеке сот орындаушылар алиментке берешекті дер кезінде қайтара алып жүр ме?

– Расында ең көп кездесетін талап қоюлар ЖСО-ның алимент бойынша қарызды анықтау және сот орындаушының қызмет ақысын белгілеу қаулыларын даулауға байланысты туындауда. Мысалы, есепті кезеңде алимент бойынша берешекті анықтау қаулысымен келіспей 19 талап, ЖСО-ның қызмет ақысын белгілеу қаулысымен келіспей 15 талап қою түскен. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекстің 169-бабының 3-тармағына сай, егер алимент төлеуге міндетті адам осы кезеңде жұмыс істемеген болса немесе оның жалақысы мен өзге де кірісін растайтын құжаттар ұсынылмаса, ай сайынғы төлемдер және алимент бойынша берешек, сол берешекті өндіріп алу кезіндегі Қазақстандағы орташа айлық жалақының мөлшері негізге алына отырып айқындалады. Дегенмен, борышкерлердің қарызын анықтау барысында «мен баламды асырауға үлес қосып келдім, балабақшасын төледім, киім алып бердім» деген уәждері қабылдануға жатпайды және сот орындаушыларының қаулысын заңсыз деп тануға негіз болмайды. Себебі, ел Конституциясының 27-бабының 2-бөлігінде көрсетілгендей, балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті. Сондықтан, алименттен бөлек әр ата-ана баласына киім-кешек, тамақ, тағы басқа қажетті заттарды сатып алып бергені, қолына қосымша ақша ұстатқаны алимент төлеген болып есептелмейді. Борышкер барлық қаржылық жауапкершілікті көтерген, жасөспірім баласының асырауына көмегін тигізіп, оның тәрбиесіне қажетті деңгейде атсалысқан және тағы басқа себептер болса Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекстің 170, 175, 176-баптарына сай, алимент бойынша берешекті төлеуден босату, алимент мөлшерін өзгерту немесе алимент төлеу жөніндегі міндеттерді тоқтату туралы талабымен сотқа жүгінуге құқылы. Ал ЖСО-ның алимент төленгенін дәлелдейтін түбіртектер немесе қолхат болмаған жағдайда, өз бетімен берешекті кемітуге, өзгертуге құқықтық уәкілеттілігі жоқ. Мұндай әрекеттер сот актісі арқылы ғана іске асуы мүмкін.

– Сот актілерін орындауға қатысты мәселе бүгін туындап отырған жоқ. Бұл Жеке сот орындаушылар палатасындағы жұмыстың дұрыс ұйымдастырылмайтынын білдірмей ме?

– Шындығында, жеке сот орындаушыларының аумақтық палатасының өзіне жүктелген міндетті тиісті деңгейде ұйымдастыра алмай отырғаны рас. Кемшіліктердің жүйелі түрде қайталануы палатада жеке сот орындаушылар жұмысына қадағалау жүргізілмейтінін, қатемен жұмыс қолға алынбайтынын көрсетеді. Егер кемшіліктер талқыланып, істерге мониторинг жасалып, соның нәтижесіне қарай заңды дұрыс қолданудың тәртібі үнемі назарға салынып отырса жеке сот орындаушыларға қатысты сот даулары бірден азаяр еді. Ал бізде, керісінше, палата мұндай мәселелерге көз жұма қарап, істі ақсатып келеді. Тіпті, сот тарапынан қабылданған жекеше ұйғарымдардың тәртіптік комиссия тарапынан уақытылы қаралмауын қалай түсіндіруге болады? Сол себепті, палата басшысына ҚР ӘҚБтК-нің 664-бабымен екі дербес әкімшілік хаттама толтырылып, сот қаулыларымен кінәлі деп танылып, әкімшілік жауапкершілікке тартылғанын айта кеткенім жөн. Енді осыдан нәтиже шықса, қанеки.

– Жеке сот орындаушыларға қатысты талап қоюлар санын азайту үшін не істеу керек деп ойлайсыз?

– «Илегеніміз бір терінің пұшпағы» болғандықтан, жеке сот орындаушылар жұмысының жақсарғаны бізге де, азаматтарға да пайдалы. Айталық, бір азамат жеке сот орындаушының алимент бойынша берешекті анықтау жөніндегі қаулысын даулады. Сотқа қойған талабында ол өзінің кәсіпкерліктен түсетін табыс мөлшері дұрыс есепке алынбағанын алға тартқан. Ал сот отырысында борышкердің сот орындаушысына өзінің бухгалтерлік, есептік құжатын ұсынбағаны, сол себепті берешек дұрыс есептелмегені белгілі болды. Егер борышкер алдын ала ЖСО-ға арызданып, құжаттарын ұсынғанда, даудың сотқа жетпей шешілуі мүмкін еді. Сотта тараптар өзара келісімге келіп, ол бойынша борышкер 14 күннің ішінде бухгалтерлік құжаттарын ЖСО-ға ұсынуға міндеттеніп, татуласу келісімі бекітілді. Демек, сотқа дейінгі дауды реттеу тәртібі енгізілсе, талап қоюлардың саны айтарлықтай азаяды.

Сондай-ақ, осы санаттағы арыздар бойынша талап қоюшының баж салығынан босатылуы мәселесін қайта қараған дұрыс деп ойлаймын. Неге? Себебі, борышкерлер баж салығын төлемеген соң, істі үздіксіз және негізсіз созбалаңға салу мақсатында сотқа жүгіне береді, Егер талап қою алдында мемлекеттік баж төлеуге міндетті болса, талап қоюшылар бажды төлемес үшін, ең алдымен ЖСО-ның өзіне арызданып, дауды өзара шешуге ұмтылар еді.

Өз кезегінде сот орындаушылар заңмен белгіленген міндеттерін тиісті деңгейде орындап, тараптарға заң талаптарын түсіндіріп, уақытылы олардың өтініш-арызын қарап отырған жағдайда, талап қоюлар саны азаяры анық.

– Жаңа әкімшілік соттардың жұмысқа кіріскеніне де он айдың жүзі болыпты. Судьялар өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқара алып отыр ма?

– Талдау көрсеткендей бірінші сатыдағы сот судьялары әкімшілік істерді қарауда заң талаптарының бұзылуына жол бермеген, соның арқасында сот актілерінің бұзылу немесе өзгеру фактілері орын алмаған. Жаңадан тәжірибе жинақтап жатқан сот ұжымы үшін бұл жақсы көрсеткіш. Дегенмен, әкімшілік әділет институтының мақсаты – жария-құқықтық дауларды әділ қарап, халықтың сот, мемлекеттік орган жұмысына деген сенімін нығайтумен өзектес екенін ұмытпауымыз керек. Соған орай, алдағы уақытта тәжірибеде кездескен кемшіліктерге жол бермеу үшін «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның талаптарын сақтауды қамтамасыз ету; судьялардың мұрындық болуымен жеке және мемлекеттік сот орындаушыларымен дөңгелек үстел, семинар сабақтарын өткізу; дауды сотқа дейін реттеу мақсатында аумақтық палатада келісім комиссиясын құру кезек күттірмейді. Бүгінде дауды сотқа дейін реттеу тәртібін заңнамалық тұрғыда қарастыру бойынша ұсынысымызды Әділет министрлігіне жолдадық. Болашақта бұл мәселе де өз шешімін табарына сенімдіміз. Сондай-ақ, әкімшілік соттың судьялары заң бұзушылықтарға жол беріп, атқарушылық іс жүргізу тараптарының құқығына нұқсан келтірген сот орындаушыларына қатысты жекеше ұйғарым қабылдау тәжірибесін жалғастыра береді. Бұған қоса заң бұзушылықтарға ұдайы жол берген сот орындаушыларына қатысты қатаң шаралар қолдану туралы Маңғыстау облысы Әділет департаментінің басшысына ұсыныс енгізу де кемшіліктерді біртіндеп жоюдың бір тетігі болмақ.

– Уақыт бөліп сұхбаттасқаныңызға рақмет. Жаңа соттың жұмысы жұртшылық көңілінен шыға берсін деп тілейміз.

Айнұр СЕМБАЕВА,
«Заң газеті»

БАСТАМА

СЕРВИС ҚОҒАМ ИГІЛІГІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

2014 жылдың маусымында Жоғарғы Сот жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің бастамасымен электрондық сот ісін жүргізуге азаматтардың қашықтан қатысуын қамтамасыз ету мақсатында «Сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисі қолға алынған болатын.

Сот кабинеті – Қазақстан соттарының сервистеріне электронды түрде қол жеткізудің бірыңғай терезесі. Сервис азаматтық және қылмыстық істер бойынша электрондық арыздар, өтінішхаттар мен шағымдарды беруге арналған.

Азамат, оның өкілі немесе адвокат осы жүйенің көмегімен оған ыңғайлы кез келген уақытта, үйден, кеңседен шықпай-ақ, интернет арқылы сот органдарына жүгіне алады. Өтініш, арыз, шағым мен өтінішхаттарды электронды түрде әзірлеу, беру, мемлекеттік бажды онлайн төлеу операцияларын «Сот кабинеті» арқылы орындауға болады. Сервистегі электрондық сот құжаттарын қарап, сақтаудың, жүктеудің, сонымен қатар, талап арыз туралы ақпаратты, істі қарау барысының серпінін көрудің мүмкіндігі бар. Апелляциялық/жеке шағымды, қадағалау тәртібінде сот актісін қайта қарау туралы өтінішхатты, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша сот актісін қайта қарау, сырттай шешімнің, сот бұйрығының күшін жою туралы арыздарды сотқа ұсынуға болады.

Бұдан бөлек, «Сот кабинетіне» әкімшілік істерді жолдау сервисі қолданылады. Осы сервис сот органдарына әкімшілік істерді жіберуді автоматтандыру мен оңайлату функциясын жүзеге асырады. Биылғы алғашқы тоқсанда әкімшілік істердің саны 4 205-ні құраған, оның ішінде 4 078 іс электрондық форматта жолданған, бұл 96,9%-ды құраған.

Сонымен қатар, «Сот кабинеті» мобильдік қосымшасы бар. Осы қызмет тараптардың іс материалдарымен танысуына, процестік құқықтарын жүзеге асыруды айтарлықтай жеңілдетуге, сот құжаттарын зерделеуге уақыт пен қаражат шығынын азайтуға арналғанын атап өту қажет. Жаңа технологияларды енгізу қазіргі заманғы мобильді, ашық және барлығына қолжетімді сот төрелігінің атрибуты болуы тиіс.

Ержан ҚҰРМАНҒАЛИЕВ,
Ақмола облысы бойынша Соттар әкімшісінің ақпараттық технологиялар және ақпараттық ресурстарды қорғау бөлімінің басшысы

САРАП

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ТАҒДЫРЫ ТӘУЕЛСІЗ СОТ ЖҮЙЕСІНДЕ

Мінсіз әрі тәуелсіз сот жүйесі – кез келген құқықтық мемлекеттің ажырамас атрибуты және басты құқықтық институты.

Райымбек ЖУАНЫШЕВ, Ақмола облысы бойынша Соттар әкімшісінің талдау және жоспарлау бөлімі басшысының міндетін атқарушы

Елімізде сот төрелігін жүзеге асыруда, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауда басты рөлді судья атқарады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Судьяларының VIII съезіндегі сөйлеген сөзінде «сот төрелігінің әділ және заңды жүзеге асырылуына мемлекет те, бүкіл қоғам да мүдделі екенін және сот жүйесінің тәуелсіздігі – маңызды міндеттердің бірі» екенін атап көрсетті.

ҚР Судьялар тәуелсіздігі институтының конституциялық-құқықтық негіздері Конституцияда бекітілген. Ол Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьялар сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз, ол тек Конституция мен заңға ғана бағынады. Бұл кепілдіктер судьялардың тәуелсіздігін нығайтуға, сондай-ақ, сот төрелігі саласындағы сыбайлас жемқорлықты анықтауға және алдын алуға бағытталған.

Қазіргі уақытта жеке және заңды тұлғалардан жоғарғы тұрған сот сатыларына бірінші сатыдағы соттардың судьяларымен қаралған немесе қаралып жатқан істерді бақылауға алу, оларды шешуге жәрдемдесу туралы көптеген шағымдар мен өтініштер түсуде.

Алайда, судьяның тәуелсіздігі қағидаты – ешкімнің де сот төрелігін жүзеге асыру ісіне араласуына және судьяға қандай да болмасын ықпал етуге құқығы жоқ және мұндай әрекеттер жауаптылыққа әкеп соғатындығын көрсетеді.

Сот тәуелсіздігінің маңыздылығы соншалықты, заң шығарушы сот қызметіне қандай да бір нысанда араласқаны үшін (Қылмыстық кодексінде 407-баптың 1 және 3-бөліктері); сот төрелігін жүзеге асыратын адамның өміріне қол сұғушылық үшін (408-бап); сот төрелігін жүзеге асыруға байланысты қатер төндіргені немесе күш қолдану әрекеттері үшін (409-баптың 1, 3, 4-бөліктері); судьяны қорлағаны үшін (410-баптың 2-бөлігі); судьяға қатысты жала жапқаны үшін (411-баптың 1, 3-бөліктері); судьяға қатысты парақорлықты арандатқаны үшін (417-баптың 2-бөлігі) қылмыстық қудалауды көздейді.

«Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысына сәйкес соттар судьялардың тәуелсіздігі мәселелеріне ерекше назар аударып, олардың қызметіне араласуға жол бермеу жөнінде шаралар қолдануға, судьяларға бақылау жасауға немесе оларға өкілеттіктерінен тыс міндеттер жүктеуге тырысушылықтарға тыйым салуға тиіс.

Соттардың нақты іс бойынша әділ және бейтарап сот төрелігін жүзеге асыруына кедергі келтіру мақсатындағы кез келген нысандағы іс-әрекеттерді сот қызметіне араласу деп түсінген жөн. Мұндай араласу түрлеріне, атап айтқанда, сот процесіндегі нақты тараптың пайдасына шешім қабылдау туралы әлдебіреулердің сырттан берілген тікелей нұсқауы немесе жанама өтініші, судьяларды белгілі бір шешім қабылдауына мәжбүр ететін жағдайлардың әдейі жасалуы (қорқыту, парамен сатып алу, зорлық-зомбылық) және басқа да осындай іс-әрекеттердің жатуы мүмкін.

Мемлекеттік органдардың немесе ондағы лауазымды адамдардың сот ісін жүргізуінде жатқан істі бақылауға алуын сот төрелігін жүзеге асыруға кедергі келтіру мақсатында сот қызметіне араласу деп бағалау керек.

Судьялардың тәуелсіздігі туралы мәселе тек реформалармен ғана шектеліп қоймай, ол мемлекет пен қоғам тарапынан көп уақытты, қажырлы еңбекті талап етеді.

Қоғам мен халық тарапынан сот институтына деген сенімді арттыру мақсатында сот саласындағы халықаралық үдерістердегі өзектілікті ескере отырып, сот билігін өркендету бағытында жаңашыл реформаларды жалғастырып, судьялардың біліктілігі мен тәуелсіздігін әрі қарай көтеруіміз қажет.

Қазіргі Қазақстанға қуатты, тәуелсіз және тиімді сот билігі керегі анық. Бұл үшін осы биліктің иесі – судьяның жан-жақты зерделенген, заман талабына сай құқықтық мәртебесін құру қажет. Сот билігі мен құқықтық мемлекеттің тағдыры сот мәртебесінің сапасына байланысты.

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

Кандай да бір салада арнайы ғылыми білімі бар және заңда белгіленген өзге де талаптарға сай келетін, қылмыстық процесті жүргізетін органның, соттың, тергеудің, анықтау органдарының өзіне ұсынылған объектілерге жан-жақты, толық және объективті сот сараптамасын жүргізетін, алдына қойылған сұрақтар бойынша негізделген жазбаша қорытынды беретін адам – сот сарапшысы.

САРАПШЫНЫҢ БЕДЕЛІ мен МӘРТЕБЕСІ

Сот-сараптама қызметінің құқықтық негізі Қазақстанның сот сараптамасы туралы заңдары Конституцияға негізделеді және осы заңнан және өзге де нормативтік құқықтық актілерінен, сондай-ақ, Қазақстан ратификациялаған тиісті халықаралық шарттардан тұрады.

Сот-сараптама қызметінің міндеті қылмыстық, азаматтық істер бойынша, сондай-ақ, әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді сот сараптамасының нәтижелерімен қамтамасыз ету болып табылады.

Сот-сараптама қызметі мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) заңдылық;

2) адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, заңды тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау.

Сот сарапшысы – юриспруденциямен байланысты беделді және қызықты шығармашылық мамандық. Сот сарапшысы азаматтардың, заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын және мемлекет мүддесін қорғау тетігі.

Сот сарапшысы – сот сараптамасын жүргізу кезінде сот сараптамасын тағайындаған органнан (адамнан), сот сараптамасы органының басшысынан және басқа адамдардан тәуелсіз, іске мүдделі емес жеке дербес тұлға. Сонымен қатар, сарапшыға Қылмыстық кодексте сәйкес, көрінеу жалған қорытынды берген жағдайда қылмыстық жауапкершілікте болатыны ескертіледі.

Сот сарапшысы сот сараптамасын жүргізу арқылы анықталатын қылмыстық, азаматтық, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерде маңызы бар нақты деректермен дәлелдеуге жататын мән-жайларды анықтау мақсатында заңда белгіленген талаптарға сай, өзіне сот сараптамасын жүргізу үшін тапсырылған материалға жан-жақты, толық, объективті және ғылыми негізде зерттеу жүргізеді, арнайы ғылыми біліміне сәйкес өз атынан қорытынды береді.

Қылмыстық-процестік кодексте сарапшының төмендегі құқығы негізделген:

1) сараптаманың нысанасына жататын материалдармен (іс материалдарымен) танысуға;

2) қорытынды беру үшін өзіне қажетті қосымша материалдарды беру туралы, сондай-ақ, қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхаттар мәлімдеуге;

3) қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатымен процестік әрекеттерді жүргізуге, сот отырысына қатысуға және оларға қатысатын тұлғаларға сараптама нысанасына қатысты сұрақтар қоюға;

4) өзі қатысқан процестік әрекеттің хаттамасымен, сондай-ақ, тиісті бөлігінде сот отырысының хаттамасымен танысуға және өзінің әрекеттері мен айғақтарының толық, дұрыс тіркелуіне қатысты, хаттамаларға енгізілуге жататын ескертулер жасауға;

5) сараптаманы тағайындаған органның келісімі бойынша, сот-сараптамалық зерттеу барысында анықталған, іс үшін маңызы бар, сот сараптамасын тағайындау туралы қаулыда қамтылған мәселелердің шегінен шығатын мән-жайлар бойынша өз құзыреті шегінде қорытынды беруге;

6) ана тілінде немесе өзі білетін тілде қорытынды ұсынуға және айғақтар беруге; аудармашының тегін көмегін пайдалануға; аудармашыға қарсылық білдіруді мәлімдеуге;

7) қылмыстық процесті жүргізетін органның және іс бойынша іс жүргізуге қатысатын өзге де тұлғалардың сараптама жүргізу кезінде өзінің құқықтарына қысым көрсететін шешімдері мен әрекеттеріне шағым жасауға;

8) сараптама жүргізу кезінде шыққан шығыстарға өтем және егер сот сараптамасын жүргізу өзінің лауазымдық міндеттерінің шеңберіне кірмейтін болса, орындалған жұмысы үшін сыйақы алуға құқылы.

Сот сарапшысы мамандығы – өте қажет және елімізде сот сарапшылары жылдан жылға сұранысқа ие болуда. Сарапшының қорытындысы сотқа салмақты және объективті шешім қабылдауға көмектеседі және маңызды рөл атқарады.

Сараптама мамандығы – ҚР заңнамасында белгіленген сот сараптамасының белгілі бір түрін жүргізу саласындағы сот сарапшысының біліктілігімен расталады. Сот сарапшысын аттестаттау – сот сарапшысының заңда белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келуін айқындау бойынша мерзімді түрде жүзеге асырылады.

Сот сарапшыларының кәсіби біліктілігінің өсуін бағалау және ынталандыру мақсатында Сот сараптама орталығында жоспарлы негізде бар проблемаларды талқылау бойынша бірлескен семинарлар, дөңгелек үстелдер, конференциялар өткізіледі. Сот сараптамасы дәлелдемелік құқық институттарының бірі.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР-ның 2014 жылғы 29 қыркүйектегі заңының талаптарына сәйкес орталық Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің функцияларын кезең-кезеңмен беруге: 2016 жыл 1 қаңтарынан бастап – сот-медициналық; 2016 жыл 1 шілдесінен бастап – сот-наркологиялық, сот-психиатриялық сараптамаларға бұйрықтар шығып, 2017 жылдың наурызынан бастап Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінен Сот медицинасы орталығы дербес құрылымдық бөлімшесі Әділет министрлігінің құрамына кірді. Сараптама қызметінің бағыттарын біріктіру Қазақстандағы сот сараптамасын жаңғырту кезеңдерінің бірі болып табылады.

Мемлекет сот сараптамасын жүргізу жолымен белгіленетін істі шешу үшін маңызы бар мән-жайларды зерттеу жөніндегі жауапты міндеттерді сот сарапшыларына жүктейді.

Жұмыстың ерекшелігі сот сарапшыларынан тұрақты кәсіби жетілдіруді, өз міндеттеріне жауапты және кешенді көзқарасты талап етеді. Болашақта баға жетпес тәжірибесі, білімі, саналы жауапкершілігі бар жоғары сот сарапшыларының беделі және оның мәртебесі арта берсін.

Лязат ЕСИМОВА, Түркістан облысы Сот сараптамалары институты директорының сот-сараптама мәселелері жөніндегі орынбасары

ҚАЗЫНА

МҰРАҒАТ – АШЫҚТЫҚ ПЕН ҚОЛЖЕТІМДІЛІК КЕПІЛІ

Соттардағы архив – сот іс жүргізуінің негізгі бөлігі болып есептеледі. Оның жұмысы сот істерін және басқа да құжаттарды қалыптастыру, іріктеу, уақытша сақтау және мемлекеттік архив мекемелеріне сақтауға тапсыру, оның аумақтық бөлімшелерінің құжаттарын қалыптастыру туралы қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Архив жұмысына жауапты қызметкер соттарда іс қағаздары бекітілген номенклатура бойынша жыл сайын өндірісте аяқталған қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер, журналдар мен нарядтар, есептік-ақпараттық құжаттар, іс-шаралардың құжаттарын сот архивіне тапсырады.

Мұндағы басты бағыт – істерді электронды түрде есепке алу мен оларды беру. Судьялар мен сот мамандары архив істерін қызмет бабында қолдануға құқылы.

Архивке жауапты маман істерді, материалдарды сақтауға қажетті жағдайларды жасайды, сұраухаттар бойынша архив істерінен құжаттардың көшірмелерін береді, сот архиві журналын жүргізеді.

Көрсетілген құжаттар мемлекеттік архив мекемесіне тұрақты сақтауына тапсырылғанға дейін сот архивінде сақталады. Ал ведомстволық архивтегі уақытша сақтаудың шектік мерзімі уәкілетті мекемемен анықталады. Архивтік құжаттарды мемлекеттік сақтауға дайындауға, жоюға, тапсыруға байланысты барлық жұмыстар ұйымның күшімен жүзеге асырылады.

«Сот құжаттарының электрондық архиві» ақпараттық жүйесі сот құжаттарының сақталуына және өзгермейтініне кепілдікті қамтамасыз ету, электрондық архивке түскен бүкіл ақпаратты сол қалпында ұзақ мерзімге сақтау, сотқа келіп түсетін құжаттарды типіне қарай топтастырудың ортақ жүйесін жасау, архивтік құжаттарды толық мәтіні бойынша іздестіру үшін соттарда электрондық түрде сот құжаттарының архивтерін қалыптастыруға арналған. Сот жүйесінде қазіргі заманғы технологияларды енгізу және қолдану сот ісін жүргізуді жеңілдетеді және бюрократиялық кедергілерді жояды, сот жүйесі қызметкерлерінің азаматтармен тікелей байланысын азайтады. Ал бұл халықтың барынша айқын және сот жүйесіне қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

А.ТУРАЛИЕВА, Ақжайық аудандық соты кеңсесінің жетекші маманы БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

ЖАСТАР ЗАҢ ТАҚЫРЫПТАРЫН ТАЛДАДЫ

Алматы қаласы Білім басқармасының Алматы технология және флористика колледжі тәрбие бөлімінің бастығы Жанар Ахмеджанованың «Саналы ұрпақ» студенттер клубы мүшелері мен ЛА-155/6 мекемесіндегі сотталғандар арасында «Заң және біз» тақырыбындағы кездесу өтті. Оған тәрбие бөлімінің жасақ бастығы, әділет капитаны Ернар Сабитов, байланыс және ақпарат қауіпсіздігінің қызметкері әділет лейтенанты Әділет Сайдыбақас қатысты.

Кездесу барысында қызметкерлер заң туралы түсіндірме жұмыстар жүргізіп, студенттер қойған сұрақтарға жауап берді. Кездесудің мақсаты – елдегі құқықтық жауапкершіліктің маңыздылығын насихаттау және құқықтық тәрбие төңірегінде келелі әңгіме қозғау болды. Кәмелетке толмағандар арасында заң ұғымдарын насихаттау маңызды, сондай ақ, жасөспірімдер кездесу барысында аса белсенділік таныта отырып, өздеріне қажетті заңдар төңірегінде құқықтық сауатын арттыруға ұмтылды. Басқосу барысында заңгерлер жастарға заңның негізгі принциптерін ғана біліп қоймай, оны қажет кезде өз тәжірибелеріне қолдана білу керектігін және өзге де көптеген маңызды мәселелер айтылды. Жастарға патриоттық жауапкершілігін қалыптастыру, заңды сыйлау тұрғысында кеңестер берілді.

Еркегүл ЖЕҢІСХАН, ЛА-155/6 мекемесі

ПӘРМЕН

Шешім орындалуымен құнды

Сот актілерінің орындалмауы қоғамдағы өзекті мәселенің бірі. Сот шешімі орындалуымен құнды. Осы шешімге қол жеткізу үшін тараптардың қаншама сот отырысына қатысып, уақыты мен қаржысынан, денсаулығынан айырылатыны белгілі жағдай. Сот шешімдерін орындау бағытында жұмыс істейтін сот орындаушылар шешімдерді жедел, сапалы жүзеге асырудан аянып қалып жатқан жоқ. Алайда, сот орындаушыларды борышкерлердің агрессиясынан, қарсылығынан құтқаратын қауіпсіздік шаралары жасалмағанын айта кеткеніміз жөн.

Мемлекеттік және жеке сот орындаушылардың жұмысы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылардың мәртебесі туралы» заңына сәйкес жүзеге асырылады. Сот орындаушылардың басты мақсаты – сот актілерін неғұрлым тез, өз деңгейінде орындау ғана. Ал азаматтардың көбі сот шешімінің шыққанын білсе де, берешегін қайтаруға асықпайды. Көпшілігі жауаптылықтан қашудың әртүрлі амалын жасайды. Бірақ, бүгінгідей ақпараттық заманда құзырлы орындар қадағалауынан жалтару мүмкін емес. Жұмыс істейтін орнын жасыру, табыс көлемін өтірік көрсету, берешекті бермеудің амалын табу – уақытша дүние. Өйткені, мемлекеттік сот орындаушыларда шешімді орындатудың пәрменді тетіктері бар. Азаматтар заңға бағынып, өз қарызын қайтарудың құқықтық жолын іздеудің орнына кейде бар ашуын сот орындаушыларынан алып жатады. Сот орындаушыларға есікті ашпау, аулаға ит жіберу, өзін жарып жіберемін деп қоқан-лоққы көрсету, қарсы шабуыл жасау бүгінде жиі орын алатын көрініске айналды.

Әрбір маманды үйінде ата-анасы, жақындары, жары мен балалары күтіп отыр. Олар да отбасын асырау үшін әділет саласында тынымсыз еңбек етуде. Сот актісін тезірек орындап, берешекті қайтар дегені үшін сот орындаушыларды кінәлау дұрыс емес. Керісінше, алдағы уақытта мемлекет бұл саланың мамандарына қатысты қауіпсіздік мәселесін заңдық тұрғыдан шешкені абзал.

Медет БАКИРОВ,
Нұр-Сұлтан қаласы Әділет департаменті филиалының мемлекеттік сот орындаушысы

КЕЗДЕСУ

БИЛЕР САЛҒАН ЖОЛМЕНЕН

Билер кеңесінің қызметін насихаттау мақсатында С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінде студенттермен кездесу өтті. Іс-шараға Билер кеңесінің төрағасы Ғ.Хисметуллин, кеңес мүшелері М.Утешев, Ж.Кошенов, З.Бабохидзе, проректор Қ.Оразалиев және университет студенттері қатысты.

Ғ.Хисметуллин Билер кеңесінің басты міндетін атап өтіп, қоғамдық бірлестіктің құрылу тарихы, қызметі, өңірдегі қақтығыс деңгейін төмендету бойынша жүргізген жұмыстары туралы айтты.

«Қазіргі уақытта Атырау облысы Билер кеңесінің құрамында 60 азамат бар, олардың 15-і қалада, қалған 45-і аудандарда жұмыс жасайды. Кеңес құрамына дана, білімді, құрметті ақсақал-ардагерлер, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым, заң қауымдастығы өкілдері сайланды. Олар жанжалдарды шешу кезінде қазақтың дәстүрлі құқығы мен қазақ билерінің бай тәжірибесін қолданады», – деп толықтырды Ғ.Хисметтуллин.

Ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Утешев көп жағдайда билер еңбек дауларын, некені бұзу, үй-жайдан шығару, алимент төлеу, берешекті өндіріп алу, залалды өтеу бойынша дауларды шешкенін атап өтті. «Біздің мақсатымыз – кез келген дауды сотқа дейінгі тәртіпте реттеудің артықшылықтарын түсіндіру. Біз келіспеушіліктер жағдайында көмек көрсетуге дайынбыз», – деп атап өтті М.Утешев.

Кездесу соңында Ғ.Хисметуллин студенттерге шараға белсенді қатысқаны үшін алғысын білдіріп, университет қабырғасында алған білімдері түлектерге ең жоғары кәсіби шыңдарды бағындыруға көмектесетініне сенім білдірді.

Университет проректоры Қ.Оразалиев ақсақалдарға кездесу өткізгені үшін рақметін айтып, билер институтын жандандырудың тиімділігі мен олардың жұмысының маңыздылығын атап өтті.

Атырау облыстық сотының баспасөз қызметі

ТҮЙТКІЛ

Ажырасуды ар санамайтын болдық

Ата-бабамыз ешқашан жетім мен жесірін жылатпаған! Өйткені, иманы күшті болды, ажырасуды ар санады. Ал қазір бүгін үйленген жастардың ертең ажырасуы ешкімді таңқалдырмайды. Баланы әкесіз өсірудің әдетке айналғаны қынжылтады.

Жедел ажырасуды қалаған әйелдер алименттен бас тартып, балаларын өзі асырайтынын алға тартып жатады. Олардың көбі ақылмен емес, ашумен шешім қабылдағанына кейін өкініп жатады. Өйткені, бала өскен сайын жұмсалатын қаражат та, қажеттілік те көбейеді. Қолда барын жеткізе алмай пұшайман халге түскенде ғана аналар алимент қажеттігін айтып, сотқа арыз береді. Әрине, алименттің мәселесі шешілер. Бізде ана мен баланың құқығын қорғау басты орында емес пе? Ал алимент балаға әке бола алмайтынын кім ескермек! Әкесіз өскен баланың болашағы қандай болады?

Біздің ауданда да неке бұзу дерегі азаймай отыр. 2022 жылдың бірінші тоқсанында отбасылық дауға қатысты 4 азаматтық іс бойынша 2 неке бұзылса, біреуі отбасын сақтау мақсатында өзара татуласқан, ал 1 арыз қараусыз қалдырылған. Былтырғы бірінші тоқсанмен салыстырып қарасақ 5 неке бұзу туралы арыз сотқа түскен, оның төртеуінің некесі бұзылған.

Ерлі-зайыптылар арасындағы түсініспеушілік соңы ажырасуға әкеледі. Оның өзі ұсақ нәрседен басталып, арты дауға айналып, соның кесірінен балалардың мүддесі де аяқасты болады. Отбасының шырқы бұзылған уақытта балалар психологиялық, моральдық тұрғыда азап шегіп, күйзеліске ұшырайды. Сондықтан отбасының ынтымақтығын сақтап, балалардың болашағын жарқын етуге ерлі-зайыптылар бірдей күш салғаны жөн.

Зияш ЗАЙНУЛЛИНА,
Бөкей ордасы аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ӘРТҮРЛІ

2. «Жаппас» ШҚ (БСН 030164017886) жер үлескерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы 13 сәуір 2022 жылы, сағат 10-00 де Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Қоғалыкөл ауылы, Ы.Алтынсарин көшесі № 4 үйде өтетінін хабарлайды. Күн тәртібіндегі мәселелер: 1. Жиналыс төрағасы мен хатшысын сайлау; 2. «Жаппас» шаруа қожалығындағы (БИН 030164017886) жер үлескерлерінің жерлерін арызына сәйкес бөліп шығару.

Ескертпе: Жалпы жиналысқа тіркелу үшін жеке куәлігіңізді ала келіңіз.

Жиналысқа шақырушы: «Жаппас» ШҚ-ның жер үлескерлерінің белсенді тобы.

6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Бурабай» республикалық оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнындағы байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу жөніндегі конкурсты (бұдан әрі – конкурс) жариялайды.

Конкурстың өткізілетін күні мен орны: Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс.

Кәсіпорынның орналасқан жері: 021708, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Бурабай ауылы, Кенесары көшесі, 1 үй.

Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:

- белсенді емес фазадағы туберкулезді, сондай-ақ толық ремиссия фазасында және қолдау терапиясы аяқталғаннан кейін онкогематологиялық ауруларды қоса алғанда, бронхо-өкпе жүйесінің аурулары бар науқас (10 жастан 18-ге дейін) балалар мен жасөспірімдерді оңалту;
- белсенді емес фазадағы туберкулезді қоса алғанда, бронхо-өкпе жүйесінің аурулары бар 18 жастан асқан науқастарды оңалту болып табылады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: жоғары білімі, сондай-ақ төмендегі талаптардың біріне сәйкес келуі тиіс:

1) денсаулық сақтау немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

2) денсаулық сақтау немесе ұйымның бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл тәжірибесінің болуы;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктеріндегі мүшелігі.

2. Мынадай:

1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адам байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайланбайды.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін түрде);

2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) өмірбаян (еркін түрде);

4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат растаған көшірмесі;

5) жоғары білімі туралы құжаттың нотариат растаған көшірмесі;

6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екенін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушының өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіптік деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным туралы құжаттардың көшірмелері) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімнің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып, мөрлейді. Бұл конвертте қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып, мөрленеді.

Құжаттарды қабылдау басталатын күн – мерзімді баспасөз басылымдарына конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күн.

Құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күннің ішінде мына мекенжайға ұсынылуы тиіс: Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, Министрліктер үйі, 5-кіреберіс.

Үміткердің конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптарға сәйкестігіне жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінде әңгімелесу өткізіледі.

7. «Микрофинансовая организация «КазМикрокредКомп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (БСН 191140020807) өзінен «КМК-20» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен «КМК-25» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бөлініп шығуы арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, «Самал-1» ықшамауданы, 29 үй, А-5 кеңсесі.

8. Нұр-Сұлтан қаласы МАЭС-ның 01.04.2022 ж. ұйғарымымен «MINING INERT MATERIALS» ЖШС-не қатысты, БСН 160840013973, оңалту рәсімін қолдану бойынша азаматтық іс қозғалды. Мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Сауран көшесі, 36.

13. ҚР ЖСО РП-ның 20.09.2017 ж. Р.К.Танирбергеновтің атына берілген №116 қызметтік куәлігі жарамсыз деп танылсын.

15. «ОРДА Кредит Плюс» ЖШС, БСН 040240007163, жарғылық капиталдың 300 270 411 (Үш жүз миллион екі жүз жетпіс мың төрт жүз он бір) теңгеге дейін азаюы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Шымкент қаласы, Дулати көшесі, 2/5.

19. Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 31 наурыздағы ұйғарымымен «AC partners» ЖШС-на, БСН 070340010921, қатысты ақтау рәсімдерін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды.

ТАРАТУ

3. «Сая Бах» Микроқаржылық ұйымы» ЖШС-і (БСН 041240010599) өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Арал ауданы, Арал қаласы, Бақтыбай батыр көшесі, 29 А үй.

4. «Меркурий Retail» ЖШС-ның Орал қаласындағы филиалы, БСН 180641029169 (090005, Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Урдинская көшесі, 1 құрылыс), өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Оңтүстік өндірістік аймақ, 17А құрылыс. Тел.: 87122997878.

14. «АЛИ МОНТАЖ СТРОЙ» ЖШС-і, БСН 180540017730, өзінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚОН Орал қаласы, Деркөл ауылы, Колхозная көшесі, 1А үй.

16. «Ломбард Диадема» ЖШС, БСН 110140009811, қызмет түрінің өзгеруіне байланысты 12.02.2021 ж. №15.21.0004.Л микроқаржы қызметін жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын ерікті түрде тоқтататыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, СҚО, Петропавл қаласы, Н.Назарбаев көшесі, 119 үй, т.е. 1. Тел.: 87765411010.

МҰРАГЕРЛІК

5. 01.09.2016 ж. қайтыс болған, 25.05.1942 ж.т. Пржанов Жоламанның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 3В үй мекенжайы бойынша нотариус М.К. Бердалиеваға келуі керек. Тел.: 87027772722.

9. 11.10.2021 ж. қайтыс болған Машуров Ясиннің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Б.Момышұлы көшесі, 81А мекенжайы бойынша нотариус Н.Ж. Кайнарбековаға келуі керек. Тел.: 87051642929.

17. 2022 жылы 13 ақпанда қайтыс болған азамат Ахат Кулайханның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Алматы қаласы, «Шұғыла» ықшамауданы, 347/1 мекенжайы бойынша нотариус М.О. Пайзолдинге хабарласуларын сұраймыз.

18. 2021 жылы 6 қазанда қайтыс болған Алипкалиева Мадинаш Шилбаевнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, «Авангард 3» ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе мекенжайы бойынша нотариус А.А. Амандықоваға хабарласуларын сұраймыз.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық Кеңесі Қарағанды қаласы Әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

Бұлғақбаева Айгүл Құрмантайқызының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық Кеңесі Қарағанды облыстық сотының отставкадағы судьясы

Оразғалиев Бауыржан Тұрсымбайұлының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Орталық Кеңесі Қарағанды облыстық сотының отставкадағы судьясы

Абишев Жұмабай Рысқұлұлының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

СҰХБАТ

Нұрдәулет ӘЛЖАНОВ,
Шымкент қаласындағы «Су ресурстары-Маркетингі» ЖШС құқық бөлімінің басшысы:

«КОДЕКС ТАЛАПТАРЫ САҚТАЛМАЙЫНША ЗАҢСЫЗДЫҚТАР ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы 2497 санитарлық қорғау аймағының 480-інде заң бұзылу фактілері орын алып, өндірісімізде жатыр. Бүгінгі таңда 9 дерек бойынша сот шешімі рәсімделген, 15 дерек бойынша санитарлық қорғау аймағы бастапқы қалпына (сотқа дейінгі және сотта қарау барысында) келтірілген. Ал 27 дерек бойынша сотпен медиативтік келісім бекітіліп, 4 дерек бойынша өзара талап қоймау туралы медиативтік келісім түзілді. 69 дерек бойынша сот шешімі шығып, санитарлық қорғау аймағын бастапқы қалпына келтіру үшін сот орындаушыларына жіберілген.

– Санитарлық қорғау аймағындағы жерлерге үй тұрғызылып, қора салынып кетеді. Бәрінің заңды құжаттары бар. Сонда бұндай заңсыздықтарды жасап отырған кімдер?

– Бұл жерде мына мәселеге назар аударғымыз келеді. Санитарлық қорғау аймағы болып табылатын аумақтардан жеке және заңды тұлғаларға жер телімдерін заңдастыру кезінде қаланың жергілікті атқарушы органдары тарапынан ҚР Жер кодексінің, ҚР Су кодексінің, Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 209 бұйрығының талаптары толық көлемде сақтала бермейді. Яғни, жергілікті атқарушы орган жер телімдерін үлестіру кезінде, ал Сәулет және қала құрылысы органы тарапынан құрылысқа сәулет құрылыс тапсырмаларын рәсімдеу кезінде тиісті санитарлық қорғау аймағы бар немесе жоқ екендігін ескермеген. Аталған кемшіліктер жергілікті атқарушы орган мен сәулет және қала құрылысы органы тарапынан жойылса және заңнама талаптары сақталса, санитарлық қорғау аймағының бұзылу фактілері орын алмас еді.

– Санитарлық қорғау аймағын бастапқы қалпына келтіру үшін талап қоюшының арыз-шағымдары қандай жағдайда қанағаттандырылады?

– Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы №209 бұйрығымен бекітілген «Су көздеріне, шаруашылық ауыз су мақсаты үшін су жинау орындарына, шаруашылық ауыз сумен жабдықтауға және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану орындарына және су объектілерінің қауіпсіздігіне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы Ереженің 79-тармағына сәйкес кәріз коллекторының диаметрі 400 мм кезінде қашықтық кемінде 8 метр, диаметрі 400-1000 мм кезінде қашықтық кемінде 10 метр, диаметрі 1000 мм-ден астам кезінде қашықтық кемінде 20 метр болуы керек. Бұл белдеуде кәсіпорын үнемі апатты орнына келтіру үшін күрделі және кезекті жөндеу жұмыстарын жүргізеді.

– Сот шешімі күшіне енген істерден мысал келтіре аласыз ба?

– Шымкент қаласы, Абай ауданына қарасты Б.Алпысбаев көшесіндегі 18/1 жер теліміне тұрғызылған ұзындығы 17 метр, ені 10 метр болатын құрылыс қабырғасы мен дүңгіршекті сот шешімімен бұздыру арқылы санитарлық қорғау аймағын бастапқы қалпына келтірдік.

Өкінішке қарай, мұндай жағдайлар жиі орын алып отырады. Айталық, қаланың Самал-3 мөлтекауданындағы №1787-ші мекенжайында орналасқан тұрғын үй құрылысы да 2000 мм-лік кәріз жүйесінен 3 метр қашықтықта, шлакоблоктан тұрғызылған ұзындығы 20 метрлік қоршауы кәріз жүйесінен 1 метр қашықтықта орналасқан. Сот шешімі бұл үйді де мәжбүрлеп бұзуға шешім шығарды. Бір айта кетерлігі, сот отырысында үшінші тұлғаның сенімді өкілі бұл үйдің банкте кепілде тұрғанын, кепіл шартының мерзімі аяқталмағанын, кепіл мүліктің санитарлық қорғау аймағын бұза отырып салынғанынан мүлдем хабарсыз екенін жеткізді. Алайда, сот талап қоюшы тараптың уәждері нақты мән-жайлармен және ұсынылған жазбаша деректермен өз дәлелін тапқанын, заң талаптарына қайшы келмейтінін, үй мен жер телімінің банкке кепіл мүлік ретінде берілуі талап қою арызын қанағаттандырусыз қалдыруға негіз болып табылмайтынын айтып, заңды шешім шығарды.

Дәл осындай оқиғалар қаланың Жібек жолы көшесіндегі №19-үйде, 193-орамдағы №234 мекенжайда, әл-Фараби ауданы, Жанқожа батыр көшесіндегі №50-үйде, Мәртөбе тұрғын үй алабы, Көктем көшесі №1-үй мен Жаңақұрылыс көшесіндегі №908-мекенжайда, Қайтпас-1 мөлтекауданындағы Ақбаев көшесінің №194, №236-үйлердің қоршауларына қатысты орын алған. Сот отырысында бұл мекенжайлардың барлығының санитарлық қорғау аймағында орналасқаны анықталып, ғимараттар мен қоршауларды мәжбүрлеп бұзуға шешім шығарылды.

– «Зиянды заттардың жол берілетін шоғырлануы» деген сөз тіркесі сіздерде жиі айтылады. Осыған кеңірек тоқталып өтіңізші.

– Зиянды заттардың жол берілетін шоғырлануы – бұл сарқынды суларға түрлі химиялық заттардың мөлшерден тыс қосылып кетуі деген сөз. Бұған байланысты орын алған құқықбұзушылықтарға тоқталып өтетін болсақ, өткен 2021 жылы автожуу стансалары бойынша 29 дерек, кәсіпорындар бойынша 3 дерек орын алған және олар бойынша құқық бөлімімен жұмыстар жүргізіліп, 29 автожуу стансасында орын алған заң бұзушылықтар әшкереленіп, кәсіпорын пайдасына өтемдер өтелді. Ал 3 кәсіпорынның құқықбұзушылық деректері бойынша қозғалған іс сот қарауында жатыр.

Зиянды заттардың жол берілетін шоғырлануын асыру фактілері қазіргі таңда көптеген автожуу орындарында және өндірістік секторларда, әсіресе, «СПК «Шымкент» АҚ-на, «СЭЗ Оңтүстік» АҚ-на тиесілі «Оңтүстік» өндіріс аймағында орын алуда. Көптеген автожуу орындары мен «СПК «Шымкент» АҚ-ы, «СЭЗ Оңтүстік» АҚ-ы техникалық шарт пен нормативтік құқықтық актілердің талаптарын орындамауы, оны сақтамауы заң бұзушылықтарға әкеп соқтыратын басты себеп болып табылады.

Ал енді, сарқынды суларды автономды тазарту қондырғылары мен майтұтқыларды орнату арқылы алдын ала тазартуға байланысты орын алған құқық бұзушылықтар бойынша 77 дерек тіркеліп, қазіргі таңда біздің бөлімімен жұмыстар жүргізілуде.

– Қазір жаңадан бой көтеріп жатқан мөлтекаудандарда деректерді қашықтықтан беруге қабілетті су есептегіш аспаптарын міндетті орнату талабын қойып отыр. Қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр? Ілгерілеушілік бар ма?

– ҚР Су кодексінің (ҚР 15.06.2015 жылғы № 322-V заңымен толықтырулар енген) 92-8-бабының 2-тармағына сәйкес пайдалануға жаңадан берілетін объектілерде деректерді қашықтықтан беретін, сезімталдық шегі төмен, жоғары метрологиялық сыныпты суды есепке алу аспаптарын орнату көзделеді. Бұл талап жұмыс істемейтін немесе белгіленген пайдалану мерзімі өткен су есептегіш аспаптары ауыстырылған жағдайда да қолданылады.

Алайда, бұл талап Шымкент қаласының Энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы мен Шымкент қаласының құрылыс басқармасы тарапынан толық көлемде сақталмай отыр. Мемлекет есебінен салынған бірқатар елді мекендерде ҚР Су кодексінің 92-8-бабына және техникалық шарттарға қайшы іс-әрекеттерге жол берілуде. Айталық, Достық тұрғын алабында мұндай заң бұзушылықтардың саны – 728, Достық ықшамауданында – 2632, Тассай ықшамауданында – 3031, Азат ықшамауданында – 375, Бадам ықшамауданында – 828, Бадам-2 ықшамауданында – 301, Тұран ықшамауданында – 3243-ті құрайды.

Осы жерде сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін ұсынуға қызмет көрсетушімен жасалған шартсыз, сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін реттейтін заңнамалар мен ережелерді, техникалық шарттар мен Су кодексіндегі талаптарды сақтамай суды заңсыз пайдалану деректері бойынша жасалған құқықбұзушылықтар Құрсай, Нұрсат мөлтекаудандарында орын алғанын атап өткіміз келеді. Ал кәріз желілеріне кәріз суын заңсыз төгу деректері Базарқақпа және Тоғыс мөлтекаудандарында жиі кездеседі. Бұл құқық бұзушылықтар бойынша материалдар соттың қарауында жатыр.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сейітхан ЗЕБЕРХАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТУРНИР

АРДАГЕРЛЕР АРАСЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ САЙЫС

Қызылорда облысының ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлерінің командалары арасында Қазақстан полициясының 30 жылдық мерейтойына байланысты шағын футболдан алғаш рет турнир өтті.

Аталмыш шараға атсалысушылар көп болды. Мәселен, Байқоңыр қаласындағы ҚР ІІМ өкілдігінің басшысы Ахметов Алтынбек және осы бөлім ардагерлерінің төрағасы Ешмурат Тайтиков, Қазалы аудандық полиция бөлімінің басшысы Кабизов Болат пен осы бөлім ардагерлерінің төрағасы Нағашыбай Нарымбетов секілді азаматтар жол қашықтығына қарамай, турнирге ардагерлерді арнайы жіберген.

Сонымен қатар, турнирге Қызылорда облысының мамандандырылған күзет қызметі басқармасы, №5547 Ұлттық ұлан бөлімі ұжымының басшылығы мен ардагерлер кеңестері өз командаларын қатыстырды. Ерекше құрметпен аталмыш ұжым мүшелеріне алғысымызды білдіреміз.

Қызылорда облысы Ішкі істер органдары мен Ұлттық ұлан ардагерлері кеңесінің төрағасы Серікбол Тұңғышбай турнирді ашып беріп, Қызылорда облыстық Полиция департаменті бастығының орынбасары Дәурен Ибраев, ардагерлеріміз Әмірбек Шаймағамбетов пен Әбдіхалық Мұхтаров, Қызылорда облысының әуескойлар лигасының директоры Еркін Жантуғанов жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Турнирдің мықтысы саналған «Динамо» мен арнайы бөлініс ардагерлерінен құралған «Сыр сұңқары» командалары топтық ойындарда қарсыластарына ұпай ұстатпай екеуі де жартылай финалда 1-орынға шықты. Олар 2-орын алған жедел қызмет ардагерлерінен құралған «Тұран барысы» мен «ДП аппараты» ардагерлерін жартылай финалда айқын басымдықпен ұтты.

Финалдық ойында «Сыр сұңқары» командасы «Динамо» командасынан ұтылып, турнирдің күміс жүлдегері атанды. 3-орын үшін болған ойында «ДП аппараты» ардагерлері «Тұран барысынан» басым түсті.

Жарыс нәтижесі бойынша жеңімпаз бен жүлдегер командаларға, үздік ойыншыларға ардагерлер ұйымының ақшалай сыйлықтарынан басқа ішкі істер органы зейнеткері, қоғам белсендісі Абдуали Убайдулдаев, ҚР ІІМ еңбегі сіңген қызметкері, футбол және ішкі істер органдары ардагері Әмірбек Шаймағамбетов, Қызылорда облысы әуескойлар футбол лигасының директоры Еркін Жантуғанов, ішкі істер органдарының ардагері, облыстық Тәжірибелік ату федерациясының президенті Ғабит Тынымбай, Қызылорда облысы Футбол ардагерлері одағының президенті Абай Дүйсенбиев өздерінің қаржылай және бағалы сыйлықтарын тапсырды.

Турнирдің үздік ойыншысы Раушанбек Жұмановқа Ә. Шаймағамбетов өзінің «Тәуелсіздік қырандары» кітабына қосып, қаржылай сыйлығын тапсырды.

Турнирдің үздік қақпашысы Асылбек Абназаровқа Қызылорда облысы әуескойлар футбол лигасының директоры Е.Жантуғанов өзінің қаржылай сыйлығын табыстаса, турнирдің сұрмергені, ең көп доп салған Ербол Маделхановқа облыстық Тәжірибелік ату федерациясының президенті Ғабит Тынымбай өз сыйлығын табыстады.

«Үздік қорғаушы» Сәбит Алиханов «Тұран барысы» қоғамдық ұйымының атаған статуеткасына ие болды.

«Үздік шабуылшы» номинациясы бойынша «ДП аппараты» командасының ойыншысы Самат Абсаматов оза шапты. Сондай ақ, «Үздік техникасы» үшін «Байқоңыр» командасының шабуылшысы Ғалым Бектаев, «Үздік сәйв» номинациясымен «Қазалы» командасының қақпашысы Аралбек Пірімбетов марапатталды.

Жарысқа қатысқан командалар сапында өнер көрсеткен: Таңат Нарынбаев – «Байқоңыр»; Бақыт Мырзалы – «Қазалы»; Талғат Шаханов – «МКҚБ ММ»; Айбек Бакиров – «Ұлттық ұлан»; Айбек Мурзалиев – «Тұран барысы» сияқты топтардың ардагерлері өз командаларының үздіктері деп танылып, алғыс хаттарымен марапатталды.

8 команда, жүзден аса ойыншылар мен жанкүйерлер жиналған турнирде ардагерлеріміз жаңа қырларынан танылды.

Қызылорда облыстық Полиция департаментінің ардагерлер кеңесі

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №46 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31